

(Жалғасы 2-бетте)

(Жалғасы 3-бетте)

РУБЛЬ
5.65

(Жалғасы 3-бетте)

ТҮЙІН

(Басы 1-бетте)

Енді келіп бес жыл жемісті жұмыс істеп тұрған орталықтың Алматы қалалық сотының ұйғарымымен «сүрілсін» деген шешімі шыққанда, бәрінің төбесінен жай түскендей болды. Бірінші кезекте мынадай аумалы-төкпелі уақытта мыннан астам адам жұмыссыз қалады. Кешен қызметін пайдаланатын ірі компаниялардың өнімін сақтайтын басқа балама қоймасы болмайды. Бұл тізімге осында арнайы температурада

Әлжан Ахматуллин бізге уәжін былайша жеткізді: «Арыз-шағым бойынша бірнеше рет сот шешімі шықты. Дегенмен 27 шілдеде Алматы қалалық соты жауап берушілерді үш ай мерзімде жерді босатуды және құрылысты бұзуды міндеттеп нақты шешімін шығарды. Өздеріңіз куә болғандай, әскери нысандарға нормативтік құжаттарды бұзу арқылы жақын орналасқан ғимараттар мен құрылыстардың соны неге әкеліп соғарына бәріміз куә болғанбыз. Ұшу-қону жолағына

жүк көліктерімен келген тауар осында тексерістен өтіп, әрі жөнелтіледі. Логистикалық кешен директоры Әсел Сергенова бізге берген сұхбатында іштегі кіжілін ақтарды. Бір түсінбейтіні, қорғаныс министрлігі 80 жыл бұрынғы құжат негізінде қалайша сотта ұтып, олардың жеріне таласып отырғаны: «Қорғаныс министрлігі «бұл жер біздікі» деп өз құқығын 80 жылдан кейін бір-ақ айтып жатыр. Оларға сол кезде 477 гектар жер бөлініпті. Бірақ әлі күнге дейін нақты шекара белгіленбеген. Осы құжат

СЕКСЕН ЖЫЛДАН КЕЙІНГІ СҰРАУ:

АЛМАТЫДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ
НЫСАНДЫ СҰРУ КІМГЕ ТИІМДІ?



сақталатын шаһардың негізгі дәрі-дәрмек қорын қосыңыз. Осы орайда ешкім мекен етпейтін аралға түскен үш адам туралы анекдот ойға оралады. Олар үй тұрғызып, егін егіп, енді орамыз деп жатқанда қайдан сау ете қалғаны төртінші адам келіп «мен осы жердің учаскелік полицейі боламын» деп састырыпты. Логистикалық кешеннің жағдайында әскерилер келіп әлекке салды. Қорғаныс министрлігі орталық орналасқан телім 1940 жылғы құжат бойынша өздеріне тиесілі екенін алға тартқан. Сонда бақандай сексен жыл бойы оны дауламай айға қараған ба? Алып құрылыс басталғанда министрлік неге мән бермеген?

Олар 1940 жылдың 17 мамырында Қазақ КСР Халықтық комиссарлар кеңесінің шешіміне сүйеніп отыр. Онда Түркістан әскери округіне қазарма құрылысын бастауға 477 гектар жер бөлу туралы бұйрық бар. Содан бері ғасырға жуық уақыт өтті. Кеңес үкіметі құлады. Қазақстан Тәуелсіздік қазығын қакты. Бірақ қорғаныс министрлігінің айтқанынан қайтқысы жоқ. «Ештен кеш жақсы» дегені ме, стратегиялық нысан болса да оны сүріп, қайтарып алуға мүдделі. Қойма жанында әскерилердің әуе базасы бар. Сондағы ұшақтардың ұшып-қонуына кедергі келтіреді дегенді желеу еткен. Қорғаныс министрлігі Заң департаментінің бөлім бастығы

жақын орналасқан тұрғын үй «Бек Эйр» ұшағының апатына себепкер болды. Соның салдарынан адамдар қаза тапты». Бір жағынан, министрліктің қауіпсіздікті ойлап, алаңдауы заңды. Бірақ салдармен күресуден бұрын оның алдын алуды о бастан әкімдік, я басқа министрліктермен ойластыруға болмай ма? Арыстағы жарылыс, «Бек Эйр» апатынан кейін олар шолақ белсенділікке салып, енді мемлекеттің ақшасына салынған алып нысанды сүріп тастаудан да тайынбай тұр. Әйтпесе, 2005 жылы әуе базасы жанынан логистикалық кешенге жер бөлінгенін білді. Қызу құрылыс басталғанын көздерімен көрді. Үлкен хабтың жұмысы қалай жүріп жатқанына да куә. Экономикалық тұрғыдан маңызды орталықтың көзін жоюдан не ұтамыз? Осы жағын бағамдағандар бар ма?

Өз кезегінде логистикалық кешен 2005 жылы Алматы әкімдігінің 15 гектар жерге берілген рұқсат құжатына сүйенеді. Сол кезде мемлекет қазынасынан 4,5 млрд теңге бөлінді. Жоба сәтті аяқталып, Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі ашылу салтанатына куә болып, іске қосты. «А» санатындағы мұндай көп функционалды кешен әлі күнге дейін Қазақстанда жалғыз. Мұнда қоймалардан бөлек, кеден аумағы орналасқан, яғни шетелден

негізінде олар сотта жеңді. Мынадай пандемия кезіндегі қиын уақытта бұлайша кешенді сүре салу қиянат қой».

Сот шешімі карантин тырнағын батырған қиын кезде шықты. Оны естіген соң, нәпақасын тауып жүрген мыннан астам адамның муңы ұлғайды. Нысан сүрілсе, бәріне бірдей екі қолға бір күрек табылмайтыны түсінікті. Егер балама осындай логистикалық кешен болса, жарасы тез жазылар деуге келер еді. Бірақ жоқ қой. Коронавирус қауға тиген оттай қайта өршіп бара жатқанда дәрі-дәрмектен тұрғындардың тарықтауы да басты талап. Ал оның негізгі қорын сақтап, жан-жаққа жөнелтетін нысан жермен-жексен болса, салдары неге әкеліп соғатынын сараптағандар бар ма? Әзірге билік министрлік пен хаб арасындағы дауға араласпады. Логистикалық кешеннің енділігі үміті — ел Президентінде. Араша түсіп, қорғаныс министрлігінің қырғидай тиюіне тоқтау қояр деп сенгілері келеді. Сол себепті де, соттың «сүрілсін» деген шешімі шықса да шырылдап, жұртқа жария етіп, әділдік іздеп жатыр. Бұл мәселеде «арбаны да сындырмай, өгізді де өлтірмейтін» жол табу дұрыс-ақ. Әйтпесе, бүлдіру оңай. Бүлдіріп алып, кейін «қателесіппіз» деп өзгелерді күлдірмесек болғаны...

Аскарбек ҚАЗАНҒАП

Мемлекеттік бюджет

ИГЕРІЛМЕГЕН ҚАРЖЫ

Өңірлер	Теңге
Ақтөбе облысы	3,2 млрд
Алматы	3 млрд
Солтүстік Қазақстан облысы	2,5 млрд
Батыс Қазақстан облысы	2,3 млрд
Түркістан облысы	1,9 млрд
	
Министрліктер	Теңге
Қаржы министрлігі	2 млрд
Ауыл шаруашылығы министрлігі	1,9 млрд
Әділет министрлігі	1,6 млрд
Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі	1,2 млрд
Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі	1,1 млрд

Дереккөзі: Ұлттық экономика министрлігі

Аптаның айтары



«МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ САЛАСЫНДАҒЫ ҚАДАМДАРЫ ЕЛІМІЗДІҢ ҰЛТТЫҚ МҮДДЕСІНЕ САЙ БОЛУЫ КЕРЕК. ӨЙТКЕНІ КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗУШІЛЕРДІҢ БІЛІКСІЗДІГІ САЛДАРЫНАН ЕЛ МҮДДЕСІНЕ НҰҚСАН КЕЛЕДІ. ӨСІРСЕ, ІНДЕТ САЛДАРЫНАН КӘСІПКЕРЛЕР ҚИЫН ЖАҒДАЙҒА ТАП БОЛҒАН КЕЗЕҢДЕ БҰЛ МӘСЕЛЕ ӨЗЕКТІ БОЛЫП ТҰР».

Азат ПЕРУАШЕВ,
Мәжіліс депутаты



Әлеумет.т⁰



«СҮТТЕН АҚ,
СУДАН ТАЗА»
ДЕМЕҢІЗ

Ең әуелі коронавирус күнтізбесіне көз жүгіртейік. Наурыз — «келе жатыр» деп күтіп жүрген кез. Сәуір — қатаң карантин.

Мамыр — босансу. Маусым — вирустың жаппай таралуы.

Шілде — «толқынның» астында. Одан бергі кезең — ес жинау.

Әрмен қарай не күтіп тұрғанын біз тұрмақ, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы да білмейді. Долбар көп, ем жоқ. Соның ішінде — аурудың қай жерде жұғатыны туралы ақпарат. «18 пайызы подьезде жұқтырады» деген сөйлемге еріксіз көз сүрінеді. Оны қалай анықтады екен? Ал біз болсақ, лық толы автобустан түсіп, үйге жетпей бетпердені жұлып тастаймыз...

Жер-жерде босып жүрген жұрт. Жазда алапат «толқынның» астында қалғанын ұмытып кеткендей. Жоқ, ұмытпапты. Оған «Біртанов қамауға алынды» деген хабар тарағанда көз жеткіздік. Пікір білдіргендердің ішінде бұрынғы министрді жақтаудан гөрі даттау басым. Вирус жапырып жатқанда дәрі-дәрмек тапшылығы қолдан жасалғанын, ауруханада орын жетпегенін, дәрігерлердің қалай емдеуді білмегенін, ПЦР-тест, бетперде бағасының тым қымбат болғанын еске түсіріп жатты. Бұған дейін қанша жақсы жұмыс істесе де, Біртанов елдің есінде пандемия кезінде жіберген олқылықтарымен есте қалатын сияқты. Оның үстіне аурудың таралу себептерінің бірі ретінде «денсаулық сақтау министрлігінің басшылығы жіберген жүйелік қателер» деп Мемлекет басшысының атап көрсетуі де бекер емес.

Экс-министр қамауға алынған соң іле-шала еліміздегі беделді дәрігерлердің бұрынғы министрді қорғаштаған ашық хаты жарияланды. Онда Біртановтың медицина саласында сіңірген еңбегі тәптіштеліп, жазықсыз екені, әрі-беріден соң жуырда ғана пневмониямен ауырып тұрған бес баланың әкесін темір қапаста ұстау тым қатаң жаза екені айтылған. Ақырында осы аптада ол ұйқамаққа жіберілді. Әлгі хатқа қоса, әлеуметтік желіде петиция, челлендж басталды. Тіпті медицина мекемелерінде қол жинау науқаны жүріп жатқаны да айтылып қалды.

Біртановқа қандай айып тағылғанын нақты білмейміз. Қаржы мониторингі комитетінің баспасөз қызметі таратқан хабарламада «Бұрынғы министрге қатысты тергеу мәліметтері ҚКК 201-бабына сәйкес жариялауға жатпайды» делінген. Оған қатысты тергеу жұмыстары сырт көзге енді басталды. Ақ-қарасын анықтағанша пәлен деуге ешкімнің хақысы жоқ. Заңға жүгінсең де сол. «Қылмыстық іс жүргізу кодексінің» 19-бабында (*кінәсіздік презумпциясы*) «Айыптау үкімін болжамдарға негіздеуге болмайды және ол ақиқат дәлелдердің жеткілікті жиынтығымен расталуы тиіс» деп жазылған.

Демек тергеу аяқталғанша кінәлі-кінәсіз екендігіне қатысты кесімді тұжырым айта алмайсың. Осы тұрғыдан қарағанда, ашық хат, петиция сияқты «қорғау науқаны» тергеу-тексеруге жасалып отырған қысым сияқты көрінбей ме? Айта кету керек, қит етсе Президентке хат жазып, әлеуметтік желіде келсін-келмесін шу шығару арқылы мәселені оңынан шешу белен алып барады. Бұған мысал көп.

Қазір жұртты экс-министрдің басына үйірілген бұлттан гөрі алдымызда не күтіп тұрғаны көбірек алаңдатады. Әкімқаралар «дайынбыз, дәрі-дәрмек жеткілікті, осынша науқасқа орын сайлап қойдық» деп үсті-үстіне есеп беріп жатыр. Еске түсірсек, көктемде де дәл осылай «сакадай-сай» отырған. Сол кездегі министр Елжан Біртановтан бастап. Ондай «дайындықтың» неге әкеп сокқанын білеміз.

Гүлнар АХМЕТОВА

Кесте

ҰННЫҢ ОРТАША
БАҒАСЫ

(2020 жыл, қазан)



ҚАЛА	ТЕҢГЕ
Нұр-Сұлтан	308
Атырау	295
Шымкент	256
Ақтау	254
Алматы	250
Түркістан	249
Өскемен	235
Көкшетау	232
Талдықорған	224
Қостанай	213
Қызылорда	205
Қарағанды	205
Тараз	199
Семей	198
Ақтөбе	195
Петропавл	194
Орал	193
Павлодар	154

Дереккөзі: stat.gov.kz

(Басы 1-бетте)

Неге? Қалай ұсақталдық? Осы сұрақты өзіме де қойдым. Бірақ жауабын таппадым. Сіздер де ойланпй көріңіздерші! Егер біз ұсақталмаған болсақ, алпысты алқымдап қалған аға-көкелеріміз баласы, немересі, тіпті келінімен бірге вайн немесе тик-ток дегенді түсіріп, секендеп билемес еді. Егер ұлттың мінезі өзгермеген болса, ақша құндылыққа айналып,

ер-жігіттің намысы етекке түспес еді. Сол ақшаның жолында баланы айтпағанда, келінімізбен бірге сайқымазақ видео түсіріп, оны жалпыжұртқа таратып жарыспас едік. Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деген сөзін осы араға қолдану керек сияқты...



ҚАЗАҚЫ МІНЕЗ

НЕМЕСЕ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ ҚҰЛДЫРАУЫ

Әкелеріміз соғымбасында біз естісін деп, тәрбиелі, тағылымды әңгімелер айтса, қазіргі орта жастағы азаматтар инстаграм үшін тәрбиесіз, тағылымсыз видео көрсетіп, ақыл-есі кеміс адамдарға ұқсап ыржалақтап жүр. Тіпті бұл әлеуметтік желі ақша табуын көзіне айналғалы жұрт маңдайы терлеп, алаканы ойылып жұмыс істеуді, еңбек етуді қойғандай. Қашан көрсен, әлемжеліде әртүрлі кейіпте, әртүрлі киім киіп (бір дүкеннің немесе бір фирманың жарнамасы үшін) секектеп билейді де жатады. Біз мұндай тик-ток, вайнмен ұлт түгілі, ұрпақты тәрбиелей алмасымыз анық.

Қазақ еңбекпен тапқан малды ғана адал деп білген. Ал бала-шағаңа, келініңе ақыл айтатын жаста, адам құсап жұмыс істеп ақша таппаған соң, «ауамен» келген тыиы адал болсын ба? Осы сайқымазақтарды көріп «көзайым» болған біздің үйдегі балапандар да қазір вайн, тик-ток туралы әңгіме айтатын болыпты.

— Әке, вайннан қорықпаныз! Тик-ток — ақша. Сіз де үйреніңіз! Менің бір досымның 5 мың «подписшигі» бар. Оған енді магазиндер жарнама береді, — деп қарап тұр. Аузыма құм құйылғандай, мең-зең күй кештім. Он жастағы баладан ақша табудың ең арзан, ең оңай, жан киналмайтын «төте» жолын естіп отырғанымға іштей күйініп кеттім-ау деймін, дауысым жарықшақтанып шықты:

— Кім айтты саған тик-топпен ақша табуға болатынын? — деп баламның бетіне қарадым.

— Кім айтушы еді? Ұялы телефоныңызға

(қазіргі балалар осылай сөйлейді, оған да шүкір) қарасанызшы! Елдің бәрі инстаграм, тик-токтармен ақша тауып жүр. Біздің сыныптағы балалардың әкесі мен шешесі, атасы мен әжесі де күніне бір-екі вайн түсіріп салып қояды. Болды, ақша, — деп маған көлімгідей бизнес-кенес берсін.

Біз неден қателестік? Кемшілікті қашан, қай жерден жіберіп алдық? Неге әнші, әртіс

біткен түгел инстаграм қуып кетті? Неге олар ақша үшін арзан жол таңдады? Неге мына елдің дамуына, өсіп-өркендеуіне қызмет етпейді? Тым болмаса, сол сайқымазақтарын түсіруге кететін уақытын басқа жұмысқа арнап, содан ақша таппай ма? Мұның бәрі қазақтың бойында жоқ мінез, қанында жоқ қасиет еді ғой. Бұған қайдан, қалай үйір болдық?

Әңгіменің басында әкелеріміз туралы сөз қылдық. Сол кісілер отыз жасында ұл-қызына өнеге болатын сөз сөйлеп, бала-шағасын асырау үшін таннан қара кешке шейін бел шешпей еңбектенетін. Оны көрген біз де қарап тұра алмаушы едік. Шамамыз жеткен шаруамен айналысатынбыз. Біреуіміз қой бағып, біреуіміз малдың қиын тазалап, қора-қопсы сыпырып, бау-бақша суарып еңбектенетінбіз. Ал қазір әкесі мен шешесі тик-ток түсіріп, әжесі мен атасы вайнға билеп жүрген балалар ертең кім

болады? Олар үшін ақша табу еңбектену емес, жұртқа күлкі болып, «ауадан» тыиы табу болып қалмай ма? Ертең осы вайнерлердің (олар өздерін осылай атағанды жөн көреді) баласы қазақтың ата көкірі деп мал бағып, егін егіп, не бір жерден дүкен ашып немесе көлік жасап, елге пайдасы тиетін игі істен ақша табады дегенге өз басым сенбеймін! Жеңіл жолмен жан бағуға үйренген адам қиындықты көтере алмайды. Бұл — зандылық.

Карантин басталып, той тоқтағалы бері әнші-әртістердің «бетпердесі» шешіліп қалды. Олар қазақтың қазынасы той болмаса, ақша таба алмайтындарын ішінара түсінді (бәрі түсінді деуден аулақпыз). Түсінгендері кәсіп ашып, мал шаруашылығымен айналысып, еңбектеніп жатыр. Ал табан ет, маңдай термен ақша тауып көрмегендер вайнер болып кетті. Қарап тұрсаңыз, сол вайнерлердің істегені бес жасар баланын қылығы сияқты көрінеді кейде. Ақыл-есі толық адам жарқ-жүрқ еткен екі минуттық видеомен тапқан ақшасын намыс көрсе керек-ті. Біз мұны ескілікті көксегеннен жазып отырған жоқпыз. Мақсатымыз — жеңіл жолмен ақша табатын осындай вайнерлер ұлтқа үлгі болмаса екен дейміз. Керісінше, кешегі ел қорғаған хандарымыз, батырларымыз бен балуандарымыз, ақындарымыз бен абыздарымыз, ойшылдарымыз бен ұлы тұлғаларымыз ұрпаққа үлгі болса ғой. Бірақ бүгінгі тик-ток түсіріп жүрген балалар түгілі, елге белгілі әнші-әртіс вайнерлеріміз Абылайдың — Әбілмансұр екенін, Абайдың Ибрагим екенін қайдан білсін? Оларға Абай кім, Абылай кім — бәрібір. Олардың құндылығы — қазақтың құндылығы емес. Олардың көксегені — көк қағаз. Ондай жандар ақшаның жолында ар-намысты баяғыда ысырып тастаған.

Жарас ШӨКЕ

Тіл-қазына

(Басы 1-бетте)

Кішкентайымнан қазақ тілімен бірге өскеннен кейін, маған тіл үйренуде қиындық болған жоқ. Егер талпыныс болса, кез келген тілді үйреніп алуға болады. Бірде әкімшілікке екі ақсақал келді. Екеуі мені көріп, әрең-әрең орысшалап мән-жайды түсіндіріп жатыр. Сол сәтте «егер сіздерге қиын болса, қазақ тілінде айта беріңіздер, түсінемін» дедім. Екеуі бірден қуанып кетіп «әй, мынау қазақ қой, сен үшін мида қалған бар орысшамызды қосып жатсақ» деп күлді. Ең бастысы, бізге келген азаматтармен қарапайым тілде сөйлесемін. Жағдайын тындап алғаннан кейін заң шеңберінде шешімін іздеймін.

Жас qazaq: Қазақ тілі сіздің рухани болмысыңызға не берді? Қазақтың қандай ақын-жазушыларының кітабын оқыдыңыз?

В.Чепель: Қазақтың барлық классик жазушылары мен ақындарының шығармаларын оқимын. Әсіресе, Жұбан Молдағалиевтің «Мен қазақтың» өлеңі жанымға жақын. Сіздерге бір шумағын айтып берейін:

*Мен — қазақтың мың өліп, мың тірілген.
Жорегімде таныстым мұң тіліммен
Жылағанда жүрегім, күн тұтылып,
Қуағанда күлкімнен түн түрілген.*

Міне, осы өлең жолдары маған үнемі жігер береді. Шабытыма шабыт қосады. Бүгінде қазақ поэзиясынан өлең жолдарын оқып, елге үлгі болатындай бастамамыз басталым. Қаншама пікірлер, хаттар келді: «Аға, сіз қазақ тілін қалай үйрендіңіз, бөліспейсіз бе, мені де үйретпейсіз бе?», «Көмектеспейсіз бе?» деп жазды. Содан бастап тікелей эфирге шығып, бір-бірімізге бейнероликтерді жіберіп,



өзім сияқты қазақ тілін құрметтейтін әріптестеріммен бірге жұмыс жүргізіп жатырмыз. Қазақ тіліне деген құрметім шексіз. Қазақ тілі — сөзге бай, әуезді де әуенді тіл. Ауыз әдебиеті мен фольклоры тұнып тұрған қазына. Тіліміздің мәртебесін көтеріп, кейінгі ұрпаққа үлгі ету жолында аянбай еңбек етемін.

Жас qazaq: Қазақша білмейтін мемлекеттік қызметкерлерді «тіл үйрену үшін ауылға жіберу керек» депсіз. Оларды қазақша сөйлету үшін басқа не істей аламыз?

В.Чепель: Қызмет бабымен Алматы, Нұр-Сұлтан қалаларындағы жиындарға қатысамыз. Сол кезде кейбір әріптестерім қазақ бола тұра, орысша баяндама жасайды. Неге олай істейтіндерін білмеймін. Тіпті кейбірі қазақ тілінде сөйлеуге қысылатын сияқты болып көрінеді. Тіл деген — ең керемет байлық. Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте. Мен үшін ана тілім — қазақ тілі. Тіл үйренгісі келетін әріптестерімді екі айға ауылға жіберуді ұсынар едім. Ауылдағы қазыналы қарттар мен ата-әжелеріміз оларға көмектесер еді. Екі ай емес, екі аптада тілді үйреніп кетер еді. Сондықтан қазақ тілін үйренгісі келетіндерді ауылға шақырамын. Қазақ тілінде сөйлейтін ортаны қалыптастыру үшін, ең алдымен қазақ тілінде араласуды қолға алуымыз керек.

Макпал НОҒАЙБАЕВА

Қоғамда мемлекеттік тіл мәртебесі болғанымен, қолданыс аясы әлі де кеңейте түсуді тілейтін қазақ тілінің қазіргі жай-күйі мен болашағына алаңдаушылық бары анық. Осыған орай, біз кезінде Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Солтүстік Қазақстан облыстық филиалын басқарған тіл жанашыры, Парламент Мәжілісінің депутаты, «Nur Otan» партиясы фракциясының мүшесі Кәрібай Мұсырманға бірнеше сұрақ қойған едік.

Кәрібай МҰСЫРМАН, Мәжіліс депутаты:

«ТІЛ ТАЛАБЫНДА КӨЗБОЯУШЫЛЫҚ БАСЫМ»

Жас qazaq: Кәрібай Иманжанұлы, соңғы уақытта елімізде қазақ тіліне қарсылық жасалып жатқан сияқты: әр жерде сондай бір оқиғалар қылан береді. Мысалы, өткенде Алматыда орысша білмеген автобус жүргізушісіне қатысты бір блогер шу шығарды. Бұл ненің көрінісі?

К.Мұсырман: Қоғамда қазақ тілін немесе орыс тілін білмеуге байланысты анда-санда аяқ астынан шу шығып қалатыны жасырын емес. Бұл — өз елінің заңын сыйлайтын өрелі азаматтарға тән емес қылық. Өйткені Ата заңымыз — Конституцияның 7-бабында: «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл — қазақ тілі» деп тайға таңба басқандай анық жазылған. Осы баптың екінші тармағына сәйкес, орыс тілі мемлекеттік ұйымдарда



және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады деп көрсетілген. Ал тіл саласын реттейтін «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңда: «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру — Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» деп атап айтылған. Өкінішке қарай, сол азаматтық парызын түсінбеген адамдар аз емес.

Жалпы бізде тілдік қатынастарды реттейтін заңнама толыққанды деу қиын. Себебі «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заң, оның 2-бабында жазылғанындай, мемлекеттік, мемлекеттік емес ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметінде тілдерді қолдануға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттегенімен, жеке адамдар арасындағы қатынастарда және діни бірлестіктерде тілдердің қолданылуын реттемейді.

Осы заңның 23-бабында: «Мемлекеттік тілді белгілі бір көлемде және біліктілік талаптарына сәйкес білуі қажет кәсіптердің, мамандықтардың және лауазымдардың тізбесі Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленеді» деп көрсетілгенімен, аталған тізбе әлі күнге жасалған жоқ. Осындай тізбені жасайтын уақыт жеткені анық. Өйткені Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халқымызға арнаған алғашқы Жолдауында: «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін. Бірақ мұндай дәрежеге жету үшін бізміз даңғаз жасамай, жұмыла жұмыс жүргізуіміз керек», — деп қадай айтты. Қазақ тілін Қазақстандағы ұлтаралық қатынас тіліне айналдыру бағытындағы маңызды қадам аталмыш тізбені жасау болуы тиіс.

Жас qazaq: Өзіңіз Қызылжар өңіріндегі мемлекеттік тілдің мәртебесін асқақтату жолында күресіп жүрсіз. Теріскейдегі туған тілдің қазіргі халі қалай? Қазақ тілінің қолданылу аясы кеніді ме?

К.Мұсырман: Аллаға тәубе деу керек, Тәуелсіздік жылдарында еліміздің Солтүстік қақпасы болып саналатын өңірде ана тілімізді, ұлттық мәдениетіміз бен өнерімізді, асыл дінімізді қайтадан өркендету бағытында атқарылған игі істер баршылық. Мәселен, 1990 жылы Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының қызылжарлық белсенділері Петропавл қаласында алғашқы қазақ сыныбын ашу мақсатымен үй жағалап, үгіт жүргізіп, сол жылы күзде мектеп табалдырығынан тұңғыш рет аттайтын 15 қазақ баласының ата-аналарын өз ұл-қыздарын ана тілінде оқытуға әрең көндірген болатын. Содан бері облыс орталығында жанадан 8 қазақ мектебі ашылды. Бұған қоса, Петропавлдағы 35 орыс мектебінің 15-інің жанынан қазақ сыныптары ашылып, олар аралас мектептерге айналды.

Аудандардағы жағдай да түзелді. Мысал үшін, 1991 жылы Ғабит Мүсірепов атындағы аудандың орталығы — Новошишка ауылы мен Тайынша қаласында таратылған компартияның босап қалған аудандық комитеттерінің шағын ғимараттарында ашылған 110 орындық қазақ орта мектептеріндегі шәкірттер саны уақыт өте келе 400-ден асып жығылғандықтан, олар үш ауысымда оқытуға көшірілген болатын. Сөйтіп новошишмалық және тайыншалық қазақ балалары спортзалы мүлдем жоқ мектепте, ая

жетпейтін тар бөлмелердегі тақтаға тым жақын қойылған парталарда көзін ауыртып, сығылыса отырып оқуға мәжбүр еді. Бұл түйінді бесінші шақырылымдағы облыстық мәслихаттың «Nur Otan» партиясынан сайланған депутаттары көтергені есімде. Нәтижесінде «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында Новошишкада жана 400 орындық қазақ мектеп-интернаты, ал Тайыншада 300 орындық қазақ орта мектебі салынып, пайдалануға берілді.

Тағы бір айта кететін жайт — «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша шетелден атажұртқа оралған қандастарымыз үшін облыс орталығының іргесіндегі Қызылжар ауданының аумағында жанадан салынған Бөйтерек ауылының 300-ден астам баласы бірнеше жыл солтүстіктің қытымыр қысының қақаған аязды күндерінде көршілес Бескөл ауылындағы мектептерге өздеріне арнайы бөлінген автобустармен қатынап оқыған-ды. Бұл қиындық та онынан шешіліп, 2016 жылы Бөйтеректе 300 оқушыға арналған осы заманғы білім ордасы салынды.

Жас qazaq: Жалпы СКО бойынша қазақ мектептерінің саны орыс мектептерінен көбейді ме, қазақ сыныптары ше?

К.Мұсырман: Кеңес өкіметі тұсында коммунизмді Қызылжар өңірінде тезірек құрып тастауға білек сыбана кіріскен басшы ағаларымыз өз балаларын орысша оқытып қана қоймай, 94 қазақ ауылындағы ана тіліміздегі мектептерді орыс тілінде оқытуға көшіруге мұрындық болған еді. Абырой болғанда, олар өз саналарына тәуелсіздік таңының сәулесі түскен сәтте бұрынғы райларынан қайтып, жіберген қателігін түсініп, кезінде өз қолымен жапқан қазақ мектептерінің бөрінің қайтадан ашылуына тағы да білек сыбана атсалысқан.

Әрине, тұрғындарының құрамындағы қазақтардың саны 35 пайызға енді ғана жеткен облыста орыс тіліндегі мектептердің қатары әлі де қалып екендігі — өз-өзінен түсінікті жайт.

Жас qazaq: Мемлекеттік тілдің көсегесін көгертпей отырған нақты қандай мекемелер? Мәселен, кез келген мемлекеттік мекеме қызметкері неге әлі күнге дейін орыс тілінде қызмет көрсетеді? Оларға қазақ тілінде қызмет көрсету талабы қойылмай ма?

К.Мұсырман: Ең алдымен, жоғарыда айтқанымдай, мемлекеттік тілді міндетті түрде білуі қажет кәсіптердің, мамандықтардың және лауазымдардың тізбесін жасайтын кез жетті. Бұған қоса, мемлекеттік қызметке қабылдау кезінде мемлекеттік тілді білу талабын қойып беру керек. Әзірге бұл талапты орындауда көзбояушылық басым. Кейбір вице-министрлердің Парламенттегі жиындарда қазақша сөйлей алмай, қиналып, депутаттардың сынына ұшырап, ұятқа қалып жүргендігінің бір себебі сонда.

Жас qazaq: Тағы бір мәселе, қазақ тілінде жазылған жарнамаларға неге жүрдім-бардым қараймыз? Қазақша жарнама кейде күлкіні келтіреді, қайсыбір мекеменің атауы қате жазылып тұрады, былайша айтқанда, орыс тілінің «калькасын». Бұл қалай?

К.Мұсырман: Бұл жергілікті жерлердегі тіл басқармалары мен бөлімдерінің қызметі ақсап жатқандығын көрсетеді деп ойлаймын. Сондай-ақ осы шаруаға тіл жанашырлары мен бұқаралық ақпарат құралдары да белсене атсалысканы жөн. Біз кезінде облыстық «Солтүстік Қазақстан» газетінде арнайы айдар ашып, тіл жанашырларының жәрдемімен жарнама мен көрнекі ақпаратқа кеткен қателіктерді жүйелі түрде сынап отырдық. Ал облыстық тіл басқармасы оларды іле-шала түзетумен айналысты. Қыруар іс тындырылды.

Бұл ретте ұлттық терминологиямызда да кемшілік барлығын мойындауымыз керек. Терминдерді қазақ тіліне аударуда бірізділік жетіспейді. Бір-ақ мысал: «гостиница» деген сөзді бір жерде «қонақ үй», екінші жерде «қонақ үйі», үшінші жерде «мейманхана» деп жазып жүрміз. Тілімізді байытудың жолы осы екен деп, халықаралық терминдерді жаппай қазақшаға аударып, кейде күлкіге қалатынымыз да рас. Мұның өзі онсыз да қолданылу өрісін кеңейте алмай тұрған ана тілімізді одан сайын қиындатып, оны үйренгісі келетін отандастарымыздың ынта-ықыласын кемітпесе, көбейтпейді. Сондықтан да Үкіметтің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының құзыретін де, қызметін де күшейту керек.

Өз ойымша, мемлекеттік терминология комиссиясы, ең алдымен, әрбір терминді тар бейінді тіл мамандарының ғана емес, әрбір сала мамандарының, қоғам қайраткерлері мен зиялы қауым өкілдерінің қатысуымен жария түрде талқылап, «жеті рет өлшеп, бір рет кескендей», артық та, кем де емес, барынша дәл шешім қабылдауы керек. Содан кейін ол терминнің іс қағаздарында, жарнама мен көрнекі ақпаратта еш бұрмаланбай жазылуы жөнінде қатаң талап қойылуы тиіс. Бұл салада сонда ғана ілгері басамыз деп ойлаймын. Түйіндей айтсам, тіл мен терминге тын бетбұрыс қажет.

Жас qazaq: Уақыт бөліп, сұхбат бергеніңізге рақмет!

Жарас КЕМЕЛЖАН

Мегаполис

Шымкентте осыдан екі ай бұрын «Шаңырақ» отбасы институтын қолдау орталығы ашылған болатын. Енді сол орталықтың Абай және Әл Фараби аудандарындағы бөлімшелері ашылып, қиын жағдайда қалған отбасыларға жан-жақты көмек беруді бастап кетті.

«ШАҢЫРАҚТЫҢ» ШЫРАҒЫ

Қоғамда аз қамтылған көпбалалы отбасылардың күрмеуі көп мәселелері жетерлік. Мекеме директоры Фарида Байзақованың айтуынша, бұл орталық — көмекке мұқтаж, қайда барып, кімнен ақпарат аларын білмей қиналып жүрген көпбалалы немесе аз қамтылған отбасыларға қол ұшын созатын орын. Кәсіп ашқысы келетінге — кәсіпкерлік, мемлекеттен тағайындалып жатқан жәрдемақы, жеңілдік, тұрғын үй мәселесінде — әлеуметтік қолдау, жан шипасын іздегендерге — психологиялық, құқықтық кеңес сұраушыларға заңгерлік көмек беріледі. Цифрлық сауаттылығын арттырып, нәтижелі жұмыспен қамтып, жан-жақты жәрдем, қажетіне қарай бағыт-бағдар беріледі. Орталықтың ең басты артықшылығы — бөрі де «Бір терезе» қағидасымен іске асады. Демек енді аз қамтылған отбасылардың өмір сапасы жақсарып, көпбалалы аналар тығырықтан осы орталықтың көмегімен шығатын болады.

Орталықтың жұмысы Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларындағы «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығының тәжірибесін негізге ала отырып ұйымдастырылған.

Меценат, «Береке-А» корпорациясының басшысы Рәшкүл Оспанәлиева: «Көпшілігіміз көпбалалы отбасынан шыққанбыз. Біздің кезімізде мемлекеттен ешқандай жәрдемақы берілмеген. Әр азамат дүниеге перзент әкелген соң жауапкершілігін де сезінсе дейміз. Қазіргі таңда жұмыс күші жеткілікті. Құрылыс саласында 50 мың жұмыс орнына адам табылмай отыр. 150 мың тенге айлыққа келмейді. Қазақ жігіттері намысын қайрай түссе екен! Көпбалалы әйелін

орналасуға бағыт-бағдар береді. Мұнда мамандар азаматтардың қаржылық сауаттылығын арттыруда тиісті іс-шаралар өткізіп, қажетті сұраныстарға қарай түрлі сала мамандарының ұсыныстарын ұйымдастырады.

«Шаңырақ» отбасы институтын қолдау орталығы қаладағы көпбалалы және аз қамтылған отбасыларды тіркеуде заңгерлік, әлеуметтік және психологиялық көмек көрсетуден бастап, оларды кәсіпкерлік негіздеріне бағытталған мамандықтар бойынша бизнес-жоспар құруға, кәсіп ашуға грант немесе шағын несие алуға, сондай-ақ жұмысқа орналасуға кезең-кезеңімен бағыт-бағдар беріліп, жұмыстар жүргізуде.



Одан бөлек, жақында «Шаңырақта» жаңа жобаның тұсауы кесілді. Орталықтың басшысы Фарида Байзақова: «Біздің орталықтың негізгі мақсатының бірі — отбасы құндылықтарын сақтау. Осы орайда «Шаңырақта» жаңа жоба

саналатын Абай атындағы кітапханаға — заманауи дизайн, жаңа технологиялар мен тұжырымды толықтырулар енгізу жоспарлануда.

Одан өзге, аталған бағдарламаға сәйкес, келесі жылы дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күніне орай «Kitapfest», мөрт маусымдық «Bookомания fest», «Бізді кітап біріктіреді» шарасы мен баспагерлер жәрмеңкесі, кітаптарды қалпына



КӨРІЗ ЖҮЙЕСІ

Шымкент қаласының көріз жүйесімен қамтамасыз етілу деңгейі 49,1 пайызды құрап отыр. Бүгінде қала аумағында жалпы 838 шақырым көріз құбырлары болса, оның ішінде 168 шақырымы магистральды және 670 шақырымы — ішкі орамдық жүйелер. Алайда құбырлардың 73 пайызының тозығы жеткен.

Қазіргі таңда қаланы көрізбен қамту мақсатында 3 магистральды және 14 ішкі орамдық көріз жүйесінің құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

Тоғыс шағынауданындағы магистральдық көріз коллекторының құрылысын 2020 жылдың соңына дейін аяқтап, ондағы 24 көпқабатты тұрғын үй көріз жүйесіне қосылады.

Сонымен қатар Арғынбеков көшесінің бойымен №2 коллекторға дейін көріз коллекторының құрылысы аяқталса, 49 мың адамды құрайтын белді мекен көріз жүйесіне қосылады. Бұл құрылыс жұмыстары 2021 жылға өтпелі.

Ал Тұран шағынауданындағы №25, 26, 28, 29 орамдардағы магистральды көріз коллекторының құрылысы аяқталса, 27 көпқабатты тұрғын үй көріз жүйесіне қосылатын болады.

Қазіргі таңда 140 мың адамды құрайтын 14 шағынауданда ішкі орамдық көріз жүйелерінің құрылыс жұмыстары бас-талған. Құрылыс нысандары келер жылы аяқталады деп жоспарланған.

Осы жылдың соңында мемлекет және жеке инвесторлардың қаржысы есебінен 136 көпқабатты тұрғын үйге пайдалануға беру көзделіп отыр. Аталған жұмыстар аяқталса, қаланы көрізбен қамту көрсеткіші 49,1 пайыздан 52,3%-ға көбейеді.

Сондай-ақ 2021-2022 жылдары ішкі орамдық көріз жүйелерінің құрылысы аяқталған жағдайда, қаланың солтүстік бөлігінде орналасқан Шымсити, Асар-2, Достық, Тұран, Солтүстік саяжай шағынаудандары көріз жүйесіне қосылуға мүмкіндік алады. Тәулігіне 18-20 мың текше метр көріз суы қосымша тазартуға қосылады.

«ӨТЕМІС» КАНАЛЫ

Өтеміс елді мекенінде орналасқан «Өтеміс» каналының су өткізу қабілеттілігін, сыйымдылығын арттыру үшін 10 шақырымға бетондалған күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жоспарға сай, жөндеу жұмыстары жыл соңына дейін аяқталады.

Каналдағы атқарылып жатқан құрылыс жұмыстарының барысымен танысу үшін Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасының басшысы Асқар Қаныбеков пен Қаратау ауданының әкімі Абзал Әлікұлов Шапырашты және Өтеміс елді мекеніне барып, ондағы тұрғындармен кездесті.

Кездесу барысында «Өтеміс» каналында жүріп жатқан құрылыс жұмыстары туралы елді мекен тұрғындары тарапынан көтерілген мәселелер, өтініш-тілектері тыңдалды.

Каналдың жалпы ұзындығы -10 шақырым, ал іргелес жатқан жер көлемі 369 гектар. Су өткізгіштігі 1 текше метрді құрайды. Каналдан Өтеміс елді мекені тұрғындарының 312 үй іргелік және 15,6 гектар жерге ағын су жеткізіледі. Каналдың су өткізгіштігі төмен болғандықтан, қазір тек 90 гектар жер ғана пайдаланылып отыр.

Қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасының басшысы Асқар Қаныбековтың айтуынша, жөндеу жұмыстары толық аяқталғанда, мұнда 369 гектар егіс алқабы толығымен игеріліп, су өткізгіштігі 1,5 текше метрге дейін ұлғаяды. Сондай-ақ жылына 250 тонна көкөніс дақылдары, 100 тонна дәнді-дақылдар және 350 тонна мал азығын дайындауға мүмкіндік болады.

ЕКІ КӨПІР САЛЫНДЫ

Шымкент қаласының Енбекші ауданы аумағында жол жөндеу, аяқжолдар және көпірдің құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

Ауданда ұзындығы 613,2 шақырымды құрайтын 611 данғыл, көшелер мен өткелдер орналасқан. Аудан бойынша жол жөндеу жұмыстарын қажет ететін шағынаудандар мен тұрғын алаптар зерделенген. Бүгінде 62 көшеде орташа жөндеу (61,6 шақырым), 16 көшеде аяқ жол салу (23,5 шақырым), 8,9 шақырымға шағал тас төсеуі қаржы бөлініп, жөндеу жұмыстары атқарылуда.

Аудан әкімінің мәлімдеуінше, негізінен шалғай аумақтардың көшелерін асфальттауға басымдық беріледі. Жыл соңында асфальт жол 407,5 шақырым (66,5%), шағал тас жол 182,8 шақырым (29,8%), топырақ жол 22,9 шақырымды (3,7%) құрайды.

Онымен қоса, Енбекші ауданында биыл бірқатар көпірдің құрылысын жүргізу жоспарланған. Бүгінде Ленгір тас жолындағы «Сайрам су» өзенінің үстінен өтетін көпірдің және Қарабастау тұрғын алабындағы «Бадам» өзенінің үстінен өтетін көпірге қайта құру жұмыстары жүргізіліп, пайдалануға берілді. Ал Маятас, Тоғыс тұрғын алаптарындағы «Бадам» өзенінің үстінен өтетін және Елтай тұрғын алабындағы көпірдің құрылысы жыл соңына дейін аяқталады.

Сондай-ақ бұл жылы Ленгір тас жолы бойындағы жарық шамдар жөндеуден өтті. Жалпы 12,1 шақырым болатын 14 көшеде жарықтандыру жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар 2021 жылға бірінші кезекте жарықтандыру жұмыстарын жүргізуді қажет ететін 28 көшенің тізімі бекітілген.

Мәриям АЙТБАЙ,
Шымкент қаласы

ШЫМШАҒАРДЫҢ БҮГІНГІ ТЫНЫСЫ



«әкімдікке бар да, талап ет!» деп жіберіп, өзі үйде отыру — арға сын. Намысы бар әрбір азамат балашағын өзі асыруға міндетті. Ал асыраушысы жоқ отбасылардың балаларына мемлекет көмек беріп жатыр», — дейді.

Алты баланы дүниеге әкелген көпбалалы ана Қарағөз Алтаева — «Нұрсәт» шағынауданының тұрғыны. Ол осындай кереметтей орталық ашып бергені үшін шаһар басшылығына алғысын жеткізді.

Тәжірибелі ұстаз, ағарту ісінің ардагері Баян Жандосова да осы орталықтан барлық салаға қатысты сұрақтарға «бір терезеден» жауап берілетінін, нәтижесінде аз қамтылған отбасылардың әлеуметтік жағдайы түзеліп, ажырасу азаятынын, әрбір отбасы мемлекеттің қорғауы мен қолдауын сезінетінін алға тартады. Түпкі мақсат — аз қамтылған отбасыларға балық беру емес, қолына қармақ ұстатып, олардың санын азайту.

Шымкент қаласында көпбалалы 38 148 отбасы бар. Ал атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылар 26 435 болса, оның ішінде көпбалалы отбасылар саны — 9 428. Орталық заман талабына сай жабықтықтан. Өзін-өзі дамытқысы келген адамдардың ізденуі үшін серелерде кітап толып тұр. Бір сәт шәй ішкісі келетіндерге де жағдай қарастырылған. Қан қысымын өлшеуге арналған құрылғы да қойылған. Екінші қабатта балаларға арналған бөлме де бар. Бір сөзбен айтқанда, мұнда әрбір келушінің мәселесін шешуге жағдай жасалған.

Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Қасымбек Сайлауовтың айтуына қарағанда, мұндай орталықтарды ашудағы басты мақсат — әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған отбасыларды өмірлік қиын жағдайдан шығаруға көмектесу, тұрғындардың тұрмысының түзелуіне жан-жақты қолдау білдіру.

Басқармаға қарасты мекемеде Абай, Әл Фараби аудандарының әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған тұрғындарына, көпбалалы отбасыларына түрлі қызмет көрсетіледі. Қаладағы Әл Фараби алаңы 3/2 мекенжайда орналасқан орталықтың жаңа бөлімшесінде мамандар оларды кәсіпкерлікке баулып, тұрмысы төмен отбасыларға тиесілі мемлекеттік қолдауларға ынталандыратын болады. Қызметкерлер мұнда заңгерлік, әлеуметтік және психологиялық көмек көрсетуден бастап, кәсіпкерлік негіздеріне бағытталған мамандықтар бойынша бизнес жоспар құруға, кәсіп ашуға грант немесе шағын несие алуға, сондай-ақ жұмысқа

қолға алынды. Мектеп пен институтта болашақ аналар, яғни жасөспірім қыздарымыз түрлі пәндерді оқиды. Бірақ өмірде ең керек нәрсе — отбасы ұйтқысы болу мен ана болуды ешкім оқытпайды. Қыздарымыздың өз жолынан жаңылмауы да болашақ бақытының кепілі. Міне, осы бағыттағы, яғни 14-18 жас арасындағы балауса бойжеткендерге арналған «Болашақ ана мектебінің» мақсаты да сол», — дейді.

«Болашақ ана мектебінің» алғашқы кездесуі 6 қараша күні өтті.

Курс жоспарына сәйкес, қатысушы қыздарға пайдалы ақпарат пен бағыт-бағдар беретін түрлі сабақтар өткізілді. Арнайы тест жүргізу арқылы қыздардың қай кәсіпке бейімдігін анықтап, жаңа мамандықтармен таныстырды, мамандық таңдауда кеңестер берілді. «Өмірде өз ізінді қалдыру үшін жас күнінде не істеу керек?» деген тақырыпта әңгіме жүргізіліп, көпшілік алдында сөйлеу, өз ойыңды сауатты жеткізе білу негіздері туралы дәрістер де өткізілді.

Бүгінгі таңға дейін орталық 10 кездесу, 5 бизнес семинар-тренинг ұйымдастырған. Жалпы 686 адамға, оның ішінде 274-не офлайн, 412-не онлайн түрде жеке кеңестер беріліп, мұқтаждықтырына байланысты сұрақтары қанағаттандырылған. Сондай-ақ 41 адамға психологтың жеке кеңесі берілді.

БҮГІНГІ КІТАПХАНА

Қазіргі технологияның дамыған заманында адамдардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру бірден-бір қол жеткізілуі тиіс мақсаттардың біріне айналды. Бүгінде елімізде кітап оқу ісіне мемлекеттік және қоғамдық қолдау көрсетіледі.

Осыған орай, жастардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында «Шымкент қаласының кітапханаларын дамыту және жаңғырту» бағдарламасы дайындалып жатыр. Бағдарлама аясында еліміздің ұлттық кітапханаларына қолжетімді болатын тұңғыш мемлекеттік цифрлық порталды құру, кітапханалардың жарғысына өзгерістер енгізіп, Әл Фараби атындағы ғылыми-әмбебап (Отырар) кітапханасын — әлемнің электронды кітапханалық жүйелеріне қосып, ғылым мен өнердің орталығы болып қайта жаңғырту көзделіп отыр. Сондай-ақ бағдарлама шеңберінде көпшілік кітапханалардың орталықтандырылған жүйесі

Саяси додада озып шыққан Жозеф Байден «Американың жалпақ әлемдегі биік беделін қалпына келтіремін» дейді. Өзіміз тікелей куә болған бір оқиға есімізге түсті. 1999 жыл. Македониядағы босқындар лагері. Балкан соғысы кезінде жан-жаққа босып кеткен бейбақтардың елеулі бөлігі осы елді паналады. АҚШ бастаған НАТО күштері қантөгісті тоқтатты. Ат шаптырым аумаққа созылып жатқан шатыр қалашықтың тұрғындары енді өз үйіне оралады. Қуаныштан көз жасыра алмаған албан шал «Алдымен Аллаға, содан кейін Америкаға рахмет!» деп жатты.

Ол кезде президент Билл Клинтон еді. Ақ үйде ауызашар бере бастады. Өмірлік серігі Хиллари кызы

Челсимен Ыстамбұлдағы мешітке орамал тағып

ала жүгіру. Мұндайда Батыс медиасы, бейресми қоғамдық ұйымдар, бұрын белгісіз белсенділердің ақпараттық шабуылды үдете түсетіні бізде өткен митингілер барысында да байқалды.

Жер-Жиһанға өз ықпалын жүргізуде мінсіз жұмыс істейтін Батыстың осы «мәшинесі» сыр бере бастады. Алдымен Венесуэлада Хуан Гуайдоны билікке әкелуге бағытталған әрекет сәтсіздікке ұшырады. Көптеген елдер қалын жұртты көшеге алып шыққан 35 жастағы оппозиция жетекшісін ресми түрде жана басшы деп таныса да. Ауыр экономикалық қысым да президент Мадураны биліктен кетіре алмады. Мұның алдында Сирия билеуші Башар Асадты тақтан тайдыру жоспары іске аспай

Ғаламдық геосаясатты зерттеуші мамандардың пікірінше, Дональд Трамптың билікке келуі бір полюсті әлемнің көп өрісті дүниеге қарай беталысын тездеткенін алға тартады. Расында, Құрама Штаттар кеңестік жүйе ылдыраған соң ғаламдағы ең қуатты бірден-бір күшке айналды. Әлемнің кез келген түкпірінде кез келген қиын түйін Американың араласуынсыз шешілмейтін. America First! (Алдымен Америка) деп ұран тастаған Трамп тұсында АҚШ, бейнелеп айтқанда, «томаға-тұйық күйге түсті». Климатқа қатысты Париж келісімінен, Иранмен жасалған ядролық бағдарлама жөніндегі уағдаластықтан, Ресеймен аралағы орта қашықтықтағы зымырандар бойынша екі жақты құжаттан бас тартты. Тіпті экономика және бірқатар қауіпсіздік мәселесінде

асырғандар елдегі ғарыш мектебінің негізін қалаған Сян Суйсеннің ізбасарлары. Ол Гарвардта оқыған, 1955 жылы елден аластатылғанға дейін АҚШ азаматы еді. «Енді Америкаға келмеймін» деп өкпелеп кеткен оқымысты Сян Қытайдың даңқын аспанға



АМЕРИКА. САЙЛАУДАН КЕЙІН

кірді. Мұны иісі мұсылман дінге көрсетілген қалтқысыз құрмет деп бағалады. Америка дәстүрлі демократия, жатсынбаушылық (толерант) қағидаларымен қабат, экономика мен технология саласындағы ересен жетістігімен әлемге үлгі-өнеге еді. Клинтонды Кариб теңізінде алапат қақтығыстың алдын алған Кеннеди, 70-жылдардың басында Қытаймен тарихи мәмілеге барған Никсон, «қырғикабақ соғысты» тоқтатып, қызыл империяны күйреткен Рейган сияқты алыптар шоғырының соңғы тұяғы дейтіндер қателесе қоймайды.

Өйткені келесі президент бала Буштың 2001 жылғы лаңкестік әрекеттен кейін исламды қарауылға алған мәлімдемесі құрт бетбұрыстың хабаршысы іспеттес-тұғын. Алып мемлекетті әбгерге түсірген осы оқиғадан соң мұхиттың арғы жағына барып, деректі фильм түсіргенбіз. Сол туындының кейіпкерлері, өздерін Американың нағыз патриоттарымыз деп есептейтін елдегі мұсылмандар, сондай-ақ христиан ұйымдарының өкілдері президенттің пікірімен мүлде келіспейтінін білдірді. Ал біраз уақыт өткенде Иракта ашынған бір азаматтың әлемдегі ең қуатты әрі сыйлы мемлекеттің басшысына бөтенке лақтырғанын көрді. Бұл оқыс әрекеттің астарында жеке тұлғаға өшпенділіктен гөрі Американың сыртқы саясатына деген наразылық басым еді.

Бабыл атырабынан соң Либия, Сирия, Йеменде соғыс өрті тұтанды. Билікті алмастыру әрекеті «Араб көктемі», түрлі-түсті революциялар арқылы жалғасын тапты. Әртүрлі гүлді атауын иеленген мұндай төңкерістер бұрынғы кеңестік кеңістікте де болып жатты.

Өзіне ұнамайтын басшыны алмастыру Батыстың жиі жүгінетін тәсіліне айналды дейді бәзбір зерттеушілер. Айта кеткен жөн, американдық қоғам қайраткері Жин Шарптың Soft Power (Жұмсақ күш) деген атпен мәлім нұсқаулығы бірқатар елде биліктің бейбіт жолмен ауысуына әкеп соқты. Шарптың бір еңбегі «198 Methods of Nonviolent Action» (Қуш қолданбай әрекет етудің 198 тәсілі) деп аталады. Қауіпті болса да, көшедегі наразылық білдіру әрекетіне кішкентай балаларды ертіп бару, тәртіп сақшысына гүл сыйлау немесе керісінше, арандату үшін оған жұдырығын



қалды. Оның үстіне Шам өлкесінде Ресей, Иран және НАТО мүшесі Түркия дербес саясат жүргізе бастады. Мыңдаған адамның өмірін жалмаған қантөгісті тоқтатуға Астана процесі шенберінде қабылданған шешімдердің оң ықпал еткені көпке мәлім. Биыл тамызда белорус жерінде өткен президент сайлауының ертеңіне басталған шеру мен наразылық шарасы әлі толастаған жоқ. Ірі мемлекеттер мен кейбір халықаралық ұйымдар дауыс беру нәтижесін мойындамады. Еуроодақтағы ықпалы зор Франция мен Германия басшылары оппозиция жетекшісі, сайлауға дейін үйде бала бағып отырған Светлана Тихановскаяға жан-жақты қолдау көрсетуге уәде берді. Беларусь билігіне қарсы санкция да салынды. Бірақ соның бәрі күткендей нәтиже бермеді. Сарапшылар мұны Ресейдің табанды ұстанымының жемісі деп бағалады.

ен сенімді одақтасы Еуроодақпен тіл табыса алмауы Вашингтонның былайғы дүниеден оқшаулану процесін жылдамдата түсті. Беделді «Тайм» журналының мұқабасы America Alone (Америка жалғыз қалды) деген жазумен жарық көруі де әлгі тұжырымды қуаттай түскендей.

Ғаламдағы көшбасшы тізгінін қолдан шығармауда Американың ең басты бәсекелесі, сөз жоқ, Қытай болып тұр. Аспан асты елінің экономика, ғарыш, әсіресе, жасанды интеллект саласында қарыштап дамуында Батыстың «үлесі бар» деуге де болады. Себебі өткен ғасырдың 90-шы жылдары Америка мен кәрі құрлықтағы өндіріс ошақтары арзан жұмыс күші бар деп Қытай сияқты Азия елдеріне көшірілді. Келе-келе дайын бөлшекті құрастырушылар сапалы бұйым жасай алатын өндірушіге айналды. Тек тұтыну тауарларын ғана емес. Гарвардта білім алған, Кремний ойпатында тәлім алған мыңдаған дарынды маман жоғары технологияның ғажайыптарын жасай бастады. Huawei компаниясы өмірге әкелген болашақты байланыс жүйесі - 5G мұның айқын дәлелі. Осыдан біраз бұрын қытай ғарыш кемесі Айдың көлемке тұсына сәтті түрде қонды. Ғаламат жобаны іске

шығарды. Күні кеше Аспан асты елінен көкке аттанған жер серігі енді 6G жүйесімен қамтамасыз етеді деседі.

Түрлі қоғамдық формациялардың ерекшелігін жетік білетін Жозеф Байден Қытаймен қарым-қатынаста, біздіңше, текетірістен гөрі бәсекелес ынтымақтастыққа басымдық беретін сияқты. Өйткені Трамптың басты қарсыласты тықсырып, сауда соғысын өршітуі пәлендей нәтиже берген жоқ. Керісінше, Американың саяси беделіне, экономикалық күш-қуатына теріс әсер етті. Сондықтан Ақ үй енді санлақ саясаткер Генри Киссинджердің кеңесіне жүгінуі де ғажап емес. Кезінде Бейжіңмен үзілген дипломатиялық қарым-қатынасты қалпына келтіруде зор еңбек сіңірген Киссинджер өзінің On China (Қытай жайында) атты еңбегінде былай дейді: «Қытайдың ерекшелігі миссионерлікте емес, мәдени болмысында. Ол әлемді қытайшыл жасауға тырыспайды» дейді. Мүлде қайшылығы туындамай тұрмайтынын алға тартқан Киссинджер ортақ шешім ретінде бірге өрлеу (co-evolution) үлгісін ұсынады.

Бұл жетіде коронавируске ем тауып, адамзат баласына зор үміт сыйлаған Американың болашақта ғаламдық экономикаға тигізер ықпалы қандай болмақ? Әлемдік нарықтың ажырамас бөлігіне айналған Қазақстан



сияқты елдерді осы сауалдың жауабы көбірек қызықтырады. Бұл тақырыпқа алдағы уақытта кеңірек тоқтала жатармыз.

Срайыл СМАЙЫЛ,
шолушы



ЙЕМЕН



АРМЕНИЯ



ӘЛЕМ



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

KÓKEIKESTI

Аймақ

Өтпелі кезеңде ел отарбадан ат арбаға, электр шамынан май шамға ауысып жатқан шақта елдегі Есенбайдың көрмеген құқайы жоқ. Әуелі денсаулығы сыр берді. Айырдың сабына сүйеніп тұрып, көрші-қолаңға шағым айтатын. Қайдан жұққанын кім білсін, өйтеуір қышыма болып ауырғаны. Мұның жанын түсінетін кім бар? Құрдастары қалжыңдап «түу, тәйірі, сол да ауру болып па, жұмыс істеп жатқан жоқсың, қолың бос, қасы да жата бер» дейтін. Шынында да қолы бос еді. Қолы бос болған соң ымырт жабылғанда «Санта-Барбара» сияқты сериалдарды көруге құмар еді. Бірақ «тіленшінің сүйген асын кім берсін» дегендей, елдегі Есенбай жантайып жатып, сериал көріп отыр-ау деп ешкім де ойламайды-ау деймін. Жаңа бастала бергенде, электр қуаты жалп етіп үзіліп, қара телевизоры тіл-ауыздан айырылып қалатын. Сондағы күйгені-ай! Енді амал жоқ, «тоғы бар жерге көшпесем бе» деп кіжінетін.

Ол кезде ток ауыл түгіл қаланың өзінде бола бермейтін. Қазір де түйтікп көп. Айталық, Солтүстік Қазақстан мен Ақмола облысының бірқатар аймақтарын электр қуатымен қамтамасыз ететін «Көкшетау Энерго» серіктестігі бірқатар қиындықтарды басынан кешіруде. Қазір мұнда шалғайдағы ауылдық округтерді электр қуатымен жабдықтау мәселесіне айрықша назар аударылуда. Бұл орайдағы негізгі мақсат — энергия шығынын азайту болып табылады. Анығырақ айтсақ, 110 кВ-ға арналған қосалқы станса ұстау экономикалық жағынан тиімсіз екен. Осыған байланысты үстіміздегі жылы ұжым мамандары Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар ауданындағы жоғарыда аталған типтегі стансаны

аудан орталықтарында жалпы ұзындығы 75 шақырымнан астам әуе және кабель электр беру желілері мүкият жөндеу жұмыстарынан өткізілді. Бұл арада екпін түсіріп айта кететін жай, ұзақ жылдардан бері қызмет етіп тұрған алюминий сымы қазір заманғы заманауи окшауланған сыммен ауыстырылды. Сондай-ақ ескі, көнерген ағаш тіректерді біртіндеп жана темір-бетон тіректермен алмастыру да кезең-кезеңімен жүзеге алмастырылуда.

Қосымша табыс есебінен 2019 жылы материалдық-техникалық база айта қаларлықтай жақсартылды. Зақымдалған кабель желілерін табу аппаратурасы, трансформатор майын тазалау бойынша цеолитті қондырғы, кабель желілері үшін ұра қаза алатын қондырғылар, жана техникалар сатылып алынды.

Серіктестік басшысы Досымхан Аралбаев: «Әлем өзгеруде. Демек, біз де заманауи қызмет көрсетуге тиістіміз. Энергетиктерден саланы басқарудың заманауи тәсілдерін жүзеге асыру талап етілуде. Оған айтарлықтай қаражат қажет. 2019 жылы «Көкшетау Энерго» серіктестігінде заманауи биллинг жүйесі жобасы іске асырылуда. Бұл жүйе тұтынушылар тарапынан да оң бағасын алып отыр. Біз ескірген абоненттік және өнеркәсіптік сектор бағдарламаларынан бас тартып отырмыз. Жана жүйе интернет және пайдаланушының тиісті рұқсаты болған кезде кез келген компьютер немесе смартфон арқылы жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Біздің қызметкерлеріміз де қашықтықтан жұмыс істей алады. Жұмыс сапасына нұқсан келмейді», — деп түсіндірді.

Салада қордаланып қалған мәселелер де аз емес. Жасыратыны жоқ, соңғы жылдары электр энергетикасы саласын түбегейлі жаңғырту туралы аз айтылып жүрген жоқ. Бұл орайда желілердің тозуы, техникалық мүмкіндігінің заман ағысына ілес алмауы, инвестициялардың аздығы туралы мәселелер туындауда. Мамандардың айтуына қарағанда, ағымдағы тарифтік саясат қолданыстағы желілерді қайта құру бойынша ауқымды жұмыс

стансаларда ауқымды жұмыстарды аяқтап жатыр. Щучинск қаласында да электр қондырғыларды жаңарту бойынша жұмыс жүргізілуде. Жыл соңына қарай Зеренді ауданының Алексеевка және Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданындағы «Володарская» қосалқы стансаларында кен ауқымды жаңғырту жұмыстары жүргізілмек. Жыл ішінде Көкшетау қаласы мен

Жол азабы Ақтөбе қаласының іргесіндегі Келешек ауылының тұрғындары жолдан қиналып отыр. Елді мекен тұрғындары қала орталығына қара жолмен жете алмай, өзенді кешіп өтуге мәжбүр.

КЕЛЕШЕГІ ЖОҚ КЕЛЕШЕК



Жанбыр жауса, қара жол ми батпаққа айналады. Сондықтан ауылға автобус қатынамайды. Ал асфальт төсеуге жергілікті әкімді асықпайтын көрінеді. Ақтөбедегі Келешек ауылы Қарғалы мен Елек өзендерінің қиылысында орналасқан. Екі мыннан аса тұрғыны бар елді мекеннің жолына тас төселмек түгілі, ешқашан тегістелмепті. Тұрғындар арыз айтып қанша рет барғанымен, әкімдіктегілер селт етпейді.

Келешек ауылының тұрғыны Ақмәйіз Ихсанова КТК телеарнасына берген сұхбатында: «Мына үш шақырым жолды салып, сосын автобусты жіберсе біздерге. Қырық жыл тұрып жатқан кісілер бар. 40 жыл. Ол деген бес жыл емес, он жыл емес, қырық жыл тұрып жатыр! Тіпті сөз жоқ айтатын», — деп күйзеледі.

Ақтөбенің аспанына бұлт үйіріліп, өткінші жанбыр себелеп өтсе, Келешектен шығу қиын. Ми батпақ аяққа жабысып жүргізбейді. Ауыл адамдары облыс орталығына тіке шығу үшін Қарғалы өзенін кешіп өтеді. Қолдарына түскен тактайдан көпір салып алған. Қыста қатқан мұздың үстімен жүреді. Қауіпті болса да қайтеді, басқа амал жоқ.

Жол азабынан әбден шаршаған ауыл тұрғыны Гүлнар Құмарова: «Қыста өзен үстімен жүреміз. Өзен қатқасын желтоқсанның ортасынан бастап, наурызға дейін мұздың үстімен өтеміз. Автобус сұрадық, оған «Жол жаман, жол жоқ, сондықтан сіздерге автобус бермейді», — деді.

Шенеуніктер бұл жаққа жолдың жоқтығынан жолаушылар қатынайтын автобус жібермей отырғанын жасырмайды. Бірақ қашан тас төсеп, жолды жөндейтінін айтпады. Ақтөбе қалалық ТКШ бөлімінің жетекші маманы Жайық Қолаштын өзі ауылға автобустардың кіре алмауы жолдың жоқтығынан екенін айтты. Ол «Келешек елді мекенінде магистральді жол жоқ. Үлкен автобустардың бұрылып жүруіне, жолаушылар тасымалына ыңғайсыз», — деп түсіндірді.

Жолдың жайы шешілмесе, тұрғындар ауылдың атын өзгертуге арызданамыз деп бел бұзып отыр. Өйткені ауыл аты Келешек болғанымен, елді мекеннің келешегі бұлыңғыр.

Сандар сөйлейді

ПАРАҚОР мен АЙЫПКЕР

«ҚАШҚЫН» ӘКЕ

2017 жылдан бері үш баласына алимент төлемеген алматылық азамат 2 бөлмелі пәтерін автокөлігінен айырылды. Бұл туралы Әділет министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Борышкердің ай сайынғы табысы 1 200 000 теңге болса да, ол алименттен жалтарып келген. Оның алимент бойынша қарызы 21 миллион 600 мың теңгеге жетіпті. «Қашқын» әке заң алдындағы жауаптан құтыла алмады.



Жарық «жегендер»



Маңғыстауда энергиямен жабдықтау мекемелерінің басшылары мен лауазымды тұлғаларынан құралған қылмыстық топ 500 млн теңгеден астам қаржы жымқырған. Қылмыстық топ 2018 жылдан бері

жұмыс істепті. Ең алдымен Жаңаөзен қаласында энергия жабдықтаушы ұйымы электр желілері мекемесін рейдерлік жолмен өздеріне тартып алу және қорқытып алу жолымен осы мекемені тартып алған екен.

Қазір шығынды өтеу үшін 110 млн теңгені құрайтын мүлік тәркіленген. Айыпталушылар 9 адам, 5-еуі қамауда. Қалғандары үй қамақта.

Алаяқтар «апаны»

Алматылық бір жігіт шетелдік компанияға жұмысқа адам шақырып, 32 млн теңгені қолды қылған. Тұрғындарға Еуропада жалақысы жоғары жұмыс ұсынып, «қызметі» үшін ақша алып, тайып тұрған.



Ал жеке кәсіпкер ретінде тіркелген көкшетаулық әйел 11 адамды алдап, 4,7 млн теңге ұрлаған. «Норвегияда жұмыс тауып беремін» деген желеумен жұртты алдаған алаяқ әйел 3 жылға бас бостандығынан айырылды. Құқықтық статистикаға сүйенсек, биыл алаяқтарға қатысты 300-ге жуық қылмыстық істі тергеу аяқталды. Шығын көлемі 247 млн теңгеден асқан.

Жүгенсіз жүргізуші



27 миллион теңге қарызы бар «Toyota» көлігінің жүргізушісі ұсталды. Ол Алматы қаласында сот орындаушылары мен МКД қызметкерлерімен бірге өткізілген

«Борышкер» жедел алдын алу іс-шарасы кезінде құрықталған. Одан бөлек, рейд кезінде «Lada Granta» автокөлігі ұсталды. Оның жалпы сомасы 1 миллион теңгені құрайтын төленбеген айыппұлшы бар болып шыққан. Тағы бір автокөлік жүргізушісі бір аптаның ішінде жол қозғалысы ережелерін сегіз рет бұзған. Бұл жолы оған аяушылық жасалмады, оған тағылған айыппұлдың мөлшері 119 мың теңге.

Байкен КӨБЕЕВ, Ақмола облысы

онтайландыру жұмысын сәтті аяқтап шықты. 2019 жылы осы тектес іс-шаралар бірнеше бағытта жүргізілді. Биыл көктемде Рузаев электр желілерінің энергетиктері Күйбышев-Рузаев бағытындағы 110 кВ әуе желісінің электр тізбегіне жаңғырту жасады. Өйткені желінің күрделі учаскелерінде сымдардың мұздануы салдарынан апат жиі орын алатын. Үлкен жүктеме түсіп тұрғандықтан, қыс ішінде электр қуатынан ажыратулар көбейіп кетті. Уақытылы жүргізілген жаңғыртудың әсерінен енді мұндай келеңсіздікке орын берілмейді. Ертеректе Красноармейск-Большой Изюм желісінде тосын оқиғалар жиі орын алатын. Әсіресе, ерте көктемде Шағалалы өзенінде сең жүрген кезде желіні су басып қалып, қаншама тіректер қирай-тұғын. Осындай оралымсыздықтар орын алмас үшін желіні қайта жаңғырту туралы шешім қабылданғаны оң болатын түрі бар.

Бұрнағы жылдары шалғайдағы шағын ауылдар түгілі ірі елді мекендерде қақпаған қыс ішінде апат салдарынан электр қуаты берілмей қалып, ел әбігерге түсетін. Әйтсе де, көптен қордаланып қалған мәселелер аз емес. Соңғы бес жыл ішінде электр жабдықтарын жаңғыртуға инвестиция құйылғанымен, жалпы көлемнің 4,2 пайызы ғана ауыстырылған.

Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарының бірнеше іргелес аудандарын электр қуатымен қамтамасыз ететін ұжым елімізде алғашқылардың бірі болып 2020-2021 жылдарға арналған күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік төлқұжатын алған. Бұл, ең алдымен, энергия нысандары мен желілердің белгіленген жүктемелерді толық қуатында атқаруға техникалық жағынан әзір екендігін білдіреді. Серіктестік басшысы Досымхан Аралбаевтың айтуына қарағанда, жаман тұмау өршіп тұрған кезеңде індет салдары тыңғылықты жұмыс істеуге біршама қолбайлау болған. Әйтсе де, ұжым жұмыс қарқынын төмендеткен жоқ. Соның арқасында 274 млн теңгеден астам қаржы игеріліп, 29 күштік трансформатор және 372 трансформаторлық қосалқы станса, 2328 шақырым электр желілері жөнделіп, 10 481 изолятор ауыстырылды. Әр жыл сайын компанияның инвестициялық бағдарламасы шеңберінде электр желілерін салу және жаңғырту жөніндегі маңызды іс-шаралардың тұтас кешені жүзеге асырылады. Үстіміздегі жылы 27 іс-шара жүзеге асырылып отыр.

Тұрмыстық тұтынушыларды және тіршілікті қамтамасыз ету объектілерін электрмен жабдықтауды жүзеге асыратын қосалқы стансалардағы электр жабдықтарын жаңартуға және жаңғыртуға айрықша назар аударылуда. Сөз арасында электр желілеріндегі айтпай келетін апаттардың басым бөлігі 0,4-10 кВ желілерінде орын алатындығын айта кеткен жөн. Міне, осыған байланысты қолға алынған жұмыстың 80 пайызға жуығы осы бағытта ұйымдастырылуда. Айта кетейік, 2019 жылы қала іргесіндегі Краснояр ауылында жоғары технологиялық ЖТҚ-10 кВ жабдығы орнатылған. Бұл қосалқы станса Краснояр ауылына қоса Нұрлы көш, Симферополь, Садовое, Еленовка тәрізді елді мекендердің тұтынушыларына қызмет көрсетеді. Жана жосықтағы жабдық көпшілік көңілінен шығуда. Облыс орталығына 25 мегавольт-ампер трансформаторын орнатып, 110/10 кВ терен енгізу қосалқы стансасында ауқымды қайта жаңғырту жұмыстары уақытылы қолға алынып, нәтижелі аяқталды. Осындай нәтижелі жұмыстың арқасында облыс орталығындағы 12 мыннан астам абонентке сапалы қызмет көрсетілетін болды. Қазір энергетиктер Көкшетау қаласындағы тұрмыстық химия зауыты аумағындағы, Уәлиханов, Мир, Потанин тәрізді бірнеше көшелерде орналасқан қосалқы трансформаторлық



175 ЖЫЛ

Абай Құнанбайұлының мерейтойы

Адам денесіндегі мейлінше еңбеккор орган — жүрек. Жүрек минутына орта есеппен 70 рет сокса, тәулігіне 100 мыннан астам, бір жылда 35,6 млн, ал 60 жылда 2 млрд 200 млн рет соғатын көрінеді. Зерттеушілер жүректің соғу күшін салмақ көтеруге жұмсаса, бір адамды Кавказдын Эльбурс шынына 20 күнде шығаруға шамасы жететінін айтады. Нағыз, толық адам болып кемелдену үшін, ен бастысы, бойда ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек жарасым табуы тиіс. Абайдың жырларында жүрек, ақыл, қайрат жиі айтылады. Қайталанса да ойды жаңалап тұрады. Тың тіркес пен жүрекке жетер жыр жолдарына жана жарығын шашады. Ақын адам жандүниесіндегі басты ерекшеліктерге тоқтала отырып, оны өміріне ұтымды үйлестіруді, адамгершілік болмысына, жүрекке бағындыруды пайымдайды.

Міне, Абай өлеңдеріндегі аса маңызды үш бірліктің, үш ұлы ұғымның мәнін ақын осылай талдап, түсіндіреді. Нақтырақ айтсақ, Абай ғұлама адам болудың қасиеті парыз екенін ұғындыралы, бұл ұғымдарға айрықша сипат береді. Жүсіп Баласағұн да ен басты ізгілікті адам бола білу үшін: *«Билей алсаң — ақыл, білім, жүректі, Орындайм де қасиетті тілекті!»* деп айқындаған. Жаксы, әдепті, көрегенді адам ақылды, білімді болумен бірге, өз жүрегін менгере білуі керек. Ғұлама жүрекпен бірге білімді де билеу қажеттілігін ескертеді. Әдетте, білімді өмірде ұтымды пайдалана алмай өкініп жүретіндер аз емес. Осылайша данышпан ақын ақылды, білімді, жүректі менгеру арқылы толық адам болудың өнегелі жолын көрсетеді.

Ақын — халықтың ары мен абыройы, жанашыры мен жоктаушысы, камқоры мен қолдаушысы. Алла тағала берген қасиетті талантты аялап ардақтап сақтаудан бөлек, нағыз ақын елінің күрескер перзенті ретінде халықтың, адамзаттың үлкен парызын, зор жауапкершілігін арқалайды. В.Г. Белинский: «Ақын болу үшін өз заманының мәселелеріне қабырғасы кайысып отыруы керек» деп тұжырымдапты. Нағыз ұлы таланттар жүрек дүрсілінде Отаны мен халқы тұрады. Абай, И. Гете, Ф. Шиллер, А.С. Пушкин, М. Лермонтов, У.Уитмен, Г. Лонгфелло т.б ақындар туған елінің тыныс-тіршілігіне етене араласқан. Абай жұртының тағдырына алаңдаған, қайтсек өзге елдей боламыз деп ансап, армандаған. Соның жолында ғұмырын сарп еткен.

«Жүрек!». «Абай творчествосында көп айтылатын ен сүйікті әмбебап образдардың бірі» дей келе, Гете де әрқилы мағынада жиі қолданылатынын пайымдайды. Г. Бельгер: *«Жүрекке жеткен ол сөздің аты — поэзия».* *«Абай даланың лүпілдеп соққан жүрегі еді»* деп ақын өлеңдеріндегі жүрек сөзінің молдығын биік бағалайды.

Қандай да ауыр жүк арқаға емес, омыртқаға түсетіні тәрізді, ел, жер тадыры, келешегі, кез келген мәселесі ақын ой-толғанысынан, жүрегінен өтеді. Жүрек — Абай поэзиясында адамгершілік, имандылықтың, әдептілік пен ізгіліктің мекені, уясы. «Жүрегімнің айнасы» деген әдемі поэтикалық бейнелеу жасайды. Ақын адам болудың, адамгершілік қасиеттерді бойға дарытудың, имандылықты берік ұстанудың ұясы жүрек деп біледі. Мәселен, *«Жүректе қайрат болмаса»* өлеңінде Абай жүректің қозғаушы күші қайратқа токталады.

*Жүректе қайрат болмаса,
Ұйықтаған ойды кім түртпек?
Ақылға сәуле қонбаса,
Хайуаниша жүріп күнелтпек.
Аспаса ақыл қайраттан,
Тереңге бармас үстірттер.*

Жүректе қайрат болмаса, ондай өмірде қандай мән-мағына болады? Ұйықтаған ойды түртіп оятып, оны өмірде жүзеге асыруға жүректің қайраты себеп болмақ. Ақылға сәуле қонбаса, хайуаниша күнелтуден әріге бармайсың. Ақылға сәуле қонуы — қандай әдемі поэтикалық мағына, көркем бейнелеу. Онда ақыл үйрету, ақылды жетілдіру, оқыл үйрену, білу, көру, еңбектену, түйсіну, ізгілікке, имандылыққа бет бұру — бәрі-бәрі жинақталған.

Абайда жүрек, көңіл сөзі жиі кездеседі. Зерттеушілер топшылауында ыстық жүрек, ызалы жүрек т.б. осындай 17 тіркес, ер көңіл, есер көңіл тәрізді оннан астам ұғым бар, жүрек пен көңілге қатысты метафоралар мол. Адамның ішкі жандүниесінде жүрек пен көңілге ерекше мән беріледі. Адам ағзасында жүректің атқарар қызметі айрықша зор. Абай адамның ішкі сезіміндегі жүректің жауапкершілігін ерекшелеп, әрбір іс-әрекеттің, ой-ниеттің бағдарлаушысы деп көрсетеді.

Ақылға сәуле қону — ұлылықтан, ізгіліктен, даналықтан тағлым алу. Ақын жүрекке ақыл мен қайратты сабақтастырады. Ақыл қайраттануы керек. Оны үстірттердің теренге бармауымен салыстыра саралайды. Әлбетте, ақыл жүректі билеп, қайраттан асып тұрған кезде өмір де нұрлы, арман-мұрат та асқақ, бағыт та айқын, бақыт та баянды. Ал қайраттың ақылға бағынбауы қай кезде де жаксылыққа апарған емес. Ғұлама

қайталанған сайын жаңа ойға шуақ шашады.

*Достық, қастық, бар қызық — жүрек ісі,
Ар, ұяттың бір ақыл — күзетшісі.
Ар мен ұят сынбаса, өзге қылық,
Арын, алқын — бұл күннің мәртебесі.
Қартаң тартқан адамнан*

*от азаймақ,
От азайса, әр істің бәрі тайғақ.
Шаруаң үшін көрінген ақыл айтып,*

«ЖҮРЕКТЕ ҚАЙРАТ БОЛМАСА...»

(АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЖҮРЕК, АҚЫЛ, ҚАЙРАТ ҰҒЫМДАРЫ)



ақын ақылды жүректің сәулелі күніндей ұғынады. Ақылдың адам өміріндегі мәнін айқындап ашады.

*Малда бар жан мен тән,
Ақыл, сезім болмаса.
Тіршіліктің несі сән,
Тереңге бет қоймаса?
Атымды адам қойған соң,
Қайтіп надан болайын?
Халқым надан болған соң,
Қайда барып оңайын?!
Адамның басқалардан артықшылығы ретінде ақылдың рөлін биіктетеді. Малда да жан мен тән болғанымен, адамдағыдай ақыл мен сезім жоқ. Жоғарыдағы шумақта қайраттан аспаған ақылдың теренге бара алмайтыны, үстірттеп қана тұратыны пайымдалады. Адам ақыл, сезім ақылы өмірге тереңдеп мән береді. Ғұлама адамның атын да, затында саралайтын ақыл мен сезім деп ұғалды. Онсыз тіршілікте мән де, сән де жоқ.*

Абай: *«Жүрек — теңіз, қызықтың бәрі — асыл тас»* жырында адамгершілік, имандылық мәселелерін көтереді.

*Жүрек — теңіз, қызықтың бәрі — асыл тас,
Сол қызықсыз өмірде жүрек қалмас.
Жүректен қызу-қызба кете қалса,
Өзге тәннен еш қызық іс табылмас.*

Өлеңде жүрек ұғымының философиялық мәнін кеңейте түседі. Құйтақандай жүректі тулаған тегеурінді толқынды терен теңізге теңейді де, өмір қызығын асыл тасқа балайды. Ғұлама Абай білімі шексіз ғой. Терең теңіз түбінен Шығыс Азияның елдерінде өжет жігіттердің маржанды алып шыққанын теледидардан көрдік. Күнкөріс, тірлік зәрулігі демесеніз, нағыз тажал, тауқыметті іс. Дана Абай өмірдің қызығы да асыл тастай қызықтыралы, баурайды, тартады, содан құр қалма, сол қызықсыз өмірге селкос карасаң, жүректің де қадірі қалмайды дейді. Осы

шумақта жүрек үш рет қайталанады, қайталанған сайын жаңа ойға шуақ шашады.

Жолың тайғақ, аяғың тартар маймақ,

Адамның тіршілігінде қуаныш, қызығы мен махаббатының бәрі де бір ғана жүрекке тәуелді, жүректен қызу кеткен соң, өзге тәннен ешқандай қызық іс табылмасын ғұлама дәлелдеп кеткен. Достық та, қастық та, өмірдің бар қызығы да жүрек ісі деген байламға келеді. Оны ар-ұяттың әрі ақылдың бірден бір күзетшісіне балайды. Жүректі ар мен ұяттың, ақылдың ұясы деп ерекшелейді де, ар мен ұят сенбеген қандай да бір өзге қылық қанша арындап, алқынсаң да тек сол күннің ғана мәртебесінен аса алмайды деп тұжырымдайды.

Науаи «Рухулалин өсиетінде» *«Адам бірақ айрыса да бәрінен, Жүрегі қатты болса, ешкімге жібімес»* дегендей, жүрегі қатты, тасжүрек жандар — мейірімсіз, тоғышар, сұмпайы, зұлым. Олардың адамға жаны ашымайды. Қайырымсыз, қатыгез арамдық пен жауыздыққа жакын. Ақын осындай жүрегі тастай қатты рахымсыздардан аулақ жүруді жөн көреді.

Жүрек — адамның ар-ұятының әміршісі. Бірінші шумақтағы жүректен қызу, қызба кеткен соң өзге тәннен еш қызық табылмау мәнін үшінші шумақта тәптіштеп түсіндіреді. Қартаң тартқан бойынан оты азайған соң әр істің жөні келіспей, тайғақ болатыны да рас. Бірі орындалса, бірі орындалмай қиналтады, әбігерге салады. Онымен қоймай, өз ақылын жетіп тұрған әлдебір шаруаны өзі түсініп көмекке келер жанашыр, дос болса игі. Ондайдан қайтқан көңілді ақын *«Жолың тайғақ, аяғың тартар маймаң»* деп әсерлі бейнелейді.

«Жүрегім, нені сезесің» өлеңінде ақын жүрек ұғымының аясында адамгершілік, имандылық, парасаттылықты қозғайды. Ішкі жандүниесімен сырласады, көпшілікпен ой бөліседі.

*Жүрегім, нені сезесің,
Сенен басқа жан жоқ па?*

RÝHANIAT

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

*Дуниені, көңілім, кезесің,
Тиянақ жоқ па, қой, тоқта!
Жүрегіне нені сезесің, сенен басқа сырласар жан жоқ па?
Үнемі сенімен ой бөлісе бермей,
басқаларға көңіл бөлейін дейді.
Қалың қазақ қамын ойлаған көңіліне тоқтау салып, тиянақ табуды жөн көреді. Өзін бір сәт сабырға шақырады.*

*Сезгенінді сездіріп,
Жете алмадың ортаққа.*

күйзелткен — күніреткен елінің тағдыры. Ол оны ашық та айқын жеткізеді. Ақын ел ертіне елендейді. Халықтың қамын ойлап, жаны жай таппайды. Елмен етене жакындасып, жанашыр, намыс оятар сөздер айтқанымен, онысын да елемей, «ой, соны қойшы, қайтесің?» деп кері тартқан пасық ойлы шуылдақтардан безінеді. Ондай тобырды ақын «ақылы жок, ары жоқ шуылдақ» деп атаған. Соларды күнде көргенде тұла бойы жіркенеді. Ақылсыз,

арсыз, айтқанын тыңдамайтын, ақылға көнбейтін, мына шуылдақ тобырдан мезі болады. Жаны жабырқап, тағы да жалғыздық азабын тартады. Көрген күнін күн демей қарғап-мінеп, өткен күнді тірілтуді ансаған ақын жандүниесінің мазасыздығы неде? Өткен хандық дәуірде елдің еркін өмір

*Тірі жаннан бездіріп,
Апарасың қай жаққа?
Ортақтық, тыныштық*

достық қой,

*Оның қадірін кім білер?
Әркімге-ақ тілеу қостық қой,
Бәрі — алдамшы саудагер.*

Қанша сезгенінді сездіріп, ортақ бір максатқа жете алмасаң киын. Ортақтық, тыныштық, достық қадірін біле алмай жүрген елге іштей реніш білдіреді. Ортақтық ұғымында ақын ел ынтымағын, татулығын, береке-бірлігін тұжырымдайды. Ортақтық бүгін біз қолданып жүрген коллектив, ұжым ұғымының баламасы іспетті. Әркімге тілеу тілеп, тілекші болғанымен, оның өтелмеуі, яғни пайдаға аспауы өкінтелді. Бірін-бірі алдап, арбап жүрген жұрты да алдамшы саудагер тәрізді. Ақын ақылын ұғынбаған халқына қапалы.

*Күйесің, жүрек, күйесің,
Күйгеніңнен не пайда?
Дүниеде нені сүйесің,
Өмір қайда, дос қайда?*

Ақын қанша жүрегі күйгенімен зиян шекпесе, пайда келмесін сезеді. Дүниеде өмір мен достық қымбат екенін, *«Доссыз өмір бос»* деген халық қағидасымен түйіндейді. Халық арасынан асыл ойларын пайдаға асырар жанашыр дос таппай қиналады.

Абай өмірге, қоғамға, халқына деген қаяу көңілін, жандүниесіндегі өкініш пен ренішті *«Ауру жүрек соғады ақырын жай»* өлеңінде жеткізген. Алғашқы шумағынан-ак ақынның ішкі әлеміндегі мазасыздықты, ар-намыс алауын, күйінішті байқаймыз.

*Ауру жүрек ақырын соғады жай,
Шаршап қалған кеудемде*

*тулай алмай.
Кейде ыстық қан басып кетеді оны,
Дөңбекшіген түндерде*

тынышға алмай.

Шаршап қалған кеудесіндегі тулай алмай ақырын сокқан жүректі кейде ыстық қан басып, жаны тыныш таппай, қиналады. Бұндай аянышты күйге түсу себебі де түсіндіріледі.

*Қараңғы саңырау қайғы,
ойды жеңген,
Еркелік пен достықты ауру көрген.
Ақылы жоқ, ары жоқ шуылдақты
Күнде көріп, тұл бойы жиіркенген.*

*Тіріліп өткен күнді, тағы шөлдеп,
Осы күнді кун демес қарғап, міндеп
Кейде тілеп бақ пенен тағы*

*тыныштық,
Кейде қайғы, азапты тағы да іздеп.*

*Кейде ойлайды жылауға қайғы
зарын,
Тынышсыз күнде ойлаған дерттің бәрін.
Кейде онысын жасырар жұрттан ұрлап,
Кетілер деп, мазақтап, беттің арын.*

Ойды жеңген қараңғы саңырау қайғы бұл ақынның жеке басындағы жан қайғысы емес, ар-намыс қайғысы. Халқының қараңғылықта, надандықта тіршілік кешуі. Тіпті еркелік пен достықты көтере алмайтындай күй кешеді. Шаршап, қалжыраған кеудедегі тулай алмай, ақырын, жай сокқан ауру жүректі ыстық қан басатыны да тыныш таба алмай, дөңбекшіп шыққан мазасыз түндердегі ой арпалысымен жан азабының ықпалы. Ақынды соншалықты

сүргенін жаксы біледі. Ақын ансауы — халықтың еріктілігі, егемендігі, бостандығы. Еліне бақ пен тыныштық тілеген тілеулес ниетте. Алайда қайғы мен азап іздеуі қалай? Қайғы-зарын ойлап, кейде жылауға да мәжбүр. Ақынды жұртының надандығы, білімсіздігі, әлі күнге көшпенді тірліктен қол үзбеуі, отырықшылыққа бейімделмеуі, оқуға, ғылымға, білімге, жана мәдениетке ұмтылыс жоқтығы қинайды. Абай жұртшылыққа неге ызалы? Өткен күндерді қузап, ансап, шіркін, сол дәурен, байлығымыз қайта келсе, сол заман орнаса деп мына уақытты қарғап-сілеген көпшіліктен үмітсіздікті байқайды.

Абай көреген кемеңгер хандық дәуірдің қайта келмейтінін терең сезінеді. Ресей отаршылдық саясатының небір қиянат-қорлығына әбден көндіккен қалың бұқараға айтары басқа. Ол көшті өткенге кері бұру емес. Мына заманға, қоғамға ілесу. Жұрты мұны түсінбейді. Осынау тірлігін бақ көріп, тыныштықта, жайбарақат өмір сүрген, жананы жуытпай, ескілік елесінен арылар емес. Кайғы, азапты іздеуі де халкының өткенге шырмалып, ілгері қадам басуға ниеттенбеуі. Абайдың жанын жай таптырмаған қайғы-зары да, тынышсыз күнде ойлаған дерті — елін іргедегі аялдықтар қатарынан көру. Әйтеуір, бір аласұрған, тыныштық көрмеген, уайым-қайғыдан арылмаған қапалы көңілді, жабырқаған жандүиені сезесіз. Тіпті ұлағатты ұлы ойларын жұрттан жасыруға мәжбүрлігі қандай аянышты?! Мағын түгелдеп, жанын күйттеуден басқаны қайтсін? Жандүниесіндегі буырқаныс, ішкі әлеміндегі алапат арпалыс соңғы шумақта тұр. Мұнда бастапқы шумақтың мәні сақталғанымен, екінші жолдағы «Шаршап қалған кеудемде тулай алмай» орнына «Өз дертін ішіне тығып білдіре алмай» жолымен алмастырған. Төртінші жол «Дөңбекшіген түндерде тыншыға алмай» деп келеді.

Қасиетіңнен айналмай, ұлы Абай! Боладанды бұғауындағы халықтың тарих сахнасынан құрып кетпеу қамын ойлап арпалысады, азаптанады. Ел езгіде қала ма, әлде бостандық алып, өз бағытын таба ма? Абай арманын, арпалысын сеземіз. Елді сүю — татті тілек немесе сүйкімді сөз ғана емес, ұлы ойлар мен ұлағатты істердің ұштасуы. Халқының мұң-қайғысына күйген ақын. Оны қалайда жана бағытқа, жарқын ұмтылысқа бұруды көздейді. Абай — дана қайраткер, кемеңгер көсем, нағыз ұлт жанды, ұлт бағына туған ұлы тұлға. Өмірін де, арын да ел үшін, болашағы үшін күреске арнаған патриот. Осынау жүрек күйінісі, жандүние арпалысы, сезім буырқанысы елін, қазағының жағдайын, тірлігін және ертенін ансап, армандаудан туған. Сол үшінде жаны жай таппайды, ой арпалысына түседі.



Энуар ТАРАҚОВ,
Әл Фараби атындағы ҚазУУ-дың филология және әлем тілдері факультетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы

БАЛА БҒЕЙІНЕ 

Балалық шағым – менің бір медресем десем де болады. Біз көпбалалы отбасында өстік. Анамыз екі ұл, сегіз қызды өмірге әкелген. Ата-анам – әрқайсымызға тәлімді тәрбие көрсетуге тырысқан өркениетті жандар.

Досхан ЖОЛЖАҚСЫНОВ,
Қазақстанның халық әртісі:

Ақсақал аяғын бекер төсемеңті

Жалпы ауыл адамдарының барлығы өркениетті ғой. Бүгінде біз дәл сол адамдардай өмірді сүйе аламыз ба? Көңілдері көтеріңкі, қашанда қонағы келсе, дастарханы жаюлы. Оның үстіне, әкеміз партия советі қызметінде болды. Өзі күйші, өзі әнші, суырып салма ақын. Анамыз — ұстаз. Ұлдың үлкені болып еркелеп өспесем де, төрт қыздан кейінгі маған деген ықылас ерекше еді. Интернатта оқып жүргенімде, анам жылы-жұмсағын маған ғана дайындап отыратын. Менен үлкен екі әпкем институтты аяқтап, тұрмысқа шықты. Одан кейінгі Зина әпкем бүгінде Алматыдағы Ғ.Мүсірепов атындағы №86 мектепте бастауыш сыныпқа сабақ береді. Білім саласының қайраткері. Осы әпкеме қатты бауыр басып өстім. Әпкем бізге неше түрлі ойын ойнатып, қамқорлықпен қарайтын. Бір күні Зина әпкем тұрмысқа шығатын болды. Ауылдың Токтарбек деген апталдай азаматымен отау құрмақ. Мұны айтып отырғаным, осы оқиғаның бір «әлкисасы» бар. Кішірек кезім. Құмның үстінде 4-5 бала шөңіліп жатқанбыз. Бір кезде жұп-жұмсақ бірдене арқама келіп тірелгенін сездім. Бұрылып қарасам, Аргынғазы деген ақсақал екен. Ол кісі үстіне шапан, басына тақия киіп жүретін. Аяғында мәсі етігі, қолында желпуіші. Ақсақал әлгі жездемнің үлкен атасы. Соны кейін ойласам, Алланың құдіреті неше баланың ішінен менің арқама табанын төсепті. Аргынғазы ақсақал дүниеден озған соң, 7-8 жылдан кейін біз олармен құда болдық.

ТОЙДАН КЕЙІН «АТАМАН» АТАНДЫМ

Әпкемнің тойы болатын күні үйдегі үлкен сандықтың үстіне бүк түсіп жатып алдым. Әпкемді қызғанып, оның енді үйде болмайтынына күйзеліп жүрмін. Екі-үш күн бұрын әпкемді ұзатып алып кеткен. Құдалықтың өзі екі рет болды. Біріншісінде келген құдалар өкемнен сөзден жеңіліп, бір айдан кейін қайта келіп, әрең алып кетті. Той басталып кеткен. Думанның ішінде мен жокпын. Ауылда үлкен жігіттермен араласамын. Оның ішінде Уайс ағамда бар (*Уайс Сұлтанғазин*). Үйіміз клубтан алыс емес. Бір кезде «Ой, құда қайда, құда қайда?» деп айғайлаған 4-5 жігіт үйге кіріп келді.

«Ойбай-ау, құда, сіз келмесеніз, тойды бастай алмай жатырмыз», — деп жан-жағымнан дайын тұрған киімімді кигізіп жатыр. Төртеуі ныктарына отырғызып алып клубқа алып келді. Клубқа кірдік. Ел деген думандатып



Бойы ұзын. Бөтенкесін киіп футбол ойнауға келді. Ойынға қосу-қоспауды мен шешемін. Балалар ойынға рұқсатты менен алады. Ол бала «доп ойнайыншы» деп сұранып келді. «Үйінде нан бар ма? Нан болса алып кел» деймін. Неге екенін білмеймін, басқа үйдің наны дәмдірек көрінетін. Ол жүгіріп барып үйінен алақандай нан алып келді. Ойынға кіргізім. Сөйтіп бәріміз доп теуіп жүрміз. Әлгі бала допты алдына салып жүгіріп келе жатыр екен, алдынан мен шығып допты алып кеттім. Сол

сәтте әлгі бала «аяғым-аяғым» деп жерге құлады. Менің аяғым қатты тиіп кетсе керек. Өзі арық бала еді, аяғы тура ортасынан сынып, былқ-сылқ етеді. Оны көріп алып, бәріміздің есіміз шықты. Мен де есенгіреп қалдым. Баланы көтеріп үйіне алып бардым. Үйінде анасы бар екен. Анасы біраз жерге барды. Кәдімгідей қарады. Әкем 2-3 күнге сапарға кеткен, келген кезде әлгі әңгіме құлағына жетті. Үйдің кіреберісінде аспалы бесік ілініп тұратын ілгек болатын. Әкем он аяғымға белбеуін салды да, ілгекке басымды салбыратып іліп қойды. Салбырап тұрып жылап, бір сәтте ұйықтап кетіппін. Мен де әкем сияқтымын. Өрескел бірденені жасап алып өкінетін кездерім болады. Әкем жарықтық сондай еді. Содан мені төсекке жатқызып қойған екен. Оянып көзімнің қырымен ақырын қарасам, әкем аяғымды сипалап табанымды сүйіп отыр. Өзімше өкпелеп, аяғымды тартып аламын. Ренішімді білдірген түрім ғой.

КИІМсіз үйге қайттық

Бала кезде «тықылдауық» жасаймыз. Алдымен ұзын жіпті аламыз. Жіптің бір жағына түйреуіш байлап, сыртқы терезенің карнизіне ілеміз. Оның түп жағына темір байлап ақырын ұстап тұрамыз. Содан кейін жіпті соза бастаймыз. Жіптерді бағанаға байлап темірді тартып отырсақ, «тық-тық-тық» деген дауыс шығады. Сол бізге қызық. Бір күні жылқы бағатын қорасы бар атаның үйіне 3-4 бала тықылдауық жасадық.

жатыр. Көрші Тұғыл ауылынан 4-5 жігіт тойға келген екен. Ауылдың өзінің салты ғой, сырттан келгендерді шеттетеді. Жігіттер ішіп алғаннан кейін соқтығысу, ерегісу деген бар. Клубтың айналасы қыста тактайдай мұзға айналады. Той бітті. Содан бір уақытта жігіттер ду-ду, «анау төбелесіп жатыр, мынау төбелесіп жатыр» деген әңгіме басталды. Әке-шешем «Сенің араласып жүрген жігіттерің болу керек, бас-көз бол» деді. Клубтың сыртына шықсам, Беден деген бір ағамыз бар, қазір Күршімде тұрады. Үстіне болон плащ киіп алған. Қантардың аязында болон деген таптырмайтын киім. Сол болонның етегі желбіреп біреуге жүгіріп бара жатыр. Мен тайғанақтап барып етегінен ұстағанымда, әлгі ағамның екі аяғы көкке көтеріліп барып құлады. Тағы бір досым жүгіріп келе жатыр екен, оны аяғыммен тосып едім, ол да сүріне құлады. Сөйтсе, Тұғылдың жігіттері айтыпты: «Апырмай іштеріндегі кіп-кішкентай біреуі бар екен, атаман-ау шамасы», — деп. «Осы ұрғанын қалпақтай түсіреді» деп аңыз болып кетті. Содан бастап менің атым «атаман» болып кетті.

ӘКЕМ ЖАЗАМДЫ БЕРДІ

Біз бала кезде футболды көп ойнайтынбыз. Бірде балалармен доп теуіп жүргенбіз. Ауылдағы Нұрсәт балықшының баласы бар болатын.

Жазып алған
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

СӨЗ ОЙЫНЫ



Мұқағалиды оқы, табиғатты аяла!

Дүниедегі бар жақсылықты да, жамандықты да әрбір ақын өз жүрегінен өткізеді. Сондықтан жаратылыстың жарасымын, дүниенің үйлесімі мен қақтығысын, ақ пен қараны, табиғаттың тылсымын айтып тауысу мүмкін емес. Анығында, сөздің патшасы мен сөз сарасы жұмыр басты пендеге ой салады, шабыт береді. Жүрекке жылы тиетін ұйқасы, танымдық түйіні, терең философиясы санаға өсер етпей қоймайды. Өйтпейінше, сөздің қадірі кетеді. Дана Абайдың «Сөз түзәді, тыңдаушы, сен де түзәл...» деген үніне құлақ аспаудың немесе сөз танымаудың нақ өзі болмақ.

Араға нешеме уақыт салып, мыннан бірегей шыққан тарлан ақын Мұқағалидың жүрекке жететін жырлары сөз танымайтын жұртты да тәубеге келтіретін құдыреттін бар екеніне көз жеткізді. Бұл ақиқатты ешкім жоққа шығара қоймас. Оның «Жапырақ жүрек, жас кайыны» мәңгі тіршілік пен қысқа ғұмырды, қоршаған орта мен адам тағдырын аялауды, құрметтеуді, қорғауды баяндайды емес пе?

*«Мендегі бары бір жүрек,
Ол өлсе, мәңгі кеткенім.
Сендегі семсе мың жүрек,
Келгенде жасыл көктемнің
Тірілер қайта дүркіреп...»*

— деп даму заңдылығының үстемдігін алға тартады. Табиғат өлсе, өсімдік атаулының жүрегі семсе, ұрпақтың сезімі де жоғала бастайды. Сезімі сөнбей қалған жастардың махаббаты жүректерде емес, сол баяғы балалықпен-шалалықпен жаралап жазу (*вандализм*) ғәдетімен өсіп тұрған ағаштарда, кез келген жартаста, дуалдарда, босағаларда, парталарда, қақпалар мен қабырғаларда жазба күйінде ғана қала бермек. Сонда сана қашан өзгермек?

Кейде ақын жырлаған жүрек пен дүбәра жастардың жүрегінің атауы ғана бір сияктанады. Қиыннан қиыстырып, сөздің сарасын дұрыс бағамдайтын адам болса, бала да, дана да, табиғат та рахатқа бөленер еді. Шіркін, қоршаған ортаға суреткердің көзімен қарап, табиғатқа тағзым ететін, таза жүрекпен шын ғашық болатын қазақтың ұл-қызы көп болса, мәдениетіміз де, маңдайымыз да жарқырап, алдыңғы қатарлы елдерге қосылатын мүмкіндік мол.

Ал «Жас кайынды» әнші Индира Расылханның орындауында естіген жан туған табиғатымен сырласып қана қоймайды, оны ұғуға, түсінуге тырысады, өзінің болмысына үніліп, қоршаған ортасын аялайды, тіршіліктің әрбір жарық күнін бағалайды.



Дархан МЫНБАЙ



МУҚІС МҮЙІС



Ал түсініп көр!



**Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ**
Редакция алқасы:

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміз

Айдос ҚУСАЙЫНҰЛЫ — web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен ҚӨБЕЕВ —
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы
(8 702 426 69 05)

Мәриям АЙТБАЙ —
Шымкент қаласы

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
**Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ**

Бас есепші
**Расима
ӘКІМБЕКОВА**

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үйі, №61 кеңсе, 3-қабат
(*Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы*)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2234;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралым — 4000 дана

*Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «Ait-Astana» әуесқолының ұшақтарында бар.*

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VPY00020470 күзегігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.